Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласының білім бөлімінің «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласының білім бөлімінің «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалауы

Шахтинск, 2022 жыл

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласының білім бөлімінің «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалауы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының және білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың негізінде жасалынды.

Өзін-өзі бағалау 2021 жылғы 31 қаңтарда (№4 хаттама) педагогикалық кеңес мүшелерімен келісіліп, «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры М.К.Улжибаева бекіткен комиссия құрамымен дайындалды.

## 1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді жүзеге асырып отырған үш қабатты оқу мекемесі.
Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алғаш құрылған жылы - 1963 жыл. Жобалық сыйымдылығы - 436 оқушы орны.
Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі - орта білім берудің негізгі және қосымша бағдарламаларын іске асыратын оқу орны. Оқыту тілі - мемлекеттік.

| |
|---|
| **1) білім беру ұйымының толық атауы.**<br>Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі |
| **2) білім беру ұйымының орналасқан жері.(заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)**<br>Қазақстан, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Панфилов көшесі, ғимарат 4, пошта индексі 101600. |
| **3) заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон,электрондық пошта,web-сайт):**<br>**Телефон/телефакс:** 8(72156)-2-35-79<br>**Электронды мекен-жайы:**shaht-oso-7096@bilim09.kz<br>**Мектеп сайты**:https://krguo.edu.kz/index/fromorg/307 |

| |
|---|
| **4)заңды тұлға өкілінің байланыс деректері** (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):<br>2021-2022 оқу жылындағы мектеп директорының тағайындалуы туралы бұйрықтарының сілтемесі:<br>https://drive.google.com/file/d/14Sj1W5fJ7RxiuMZLezZSqrV4i9oBHy4F/view?usp=sharing |
| **5) құқық беруші және құрылтайшы құжаттар: (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтама/куәлік және жарғы)**<br>**Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама** Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін растайтың құжат болып табылады.<br>https://drive.google.com/file/d/1HIiO-HbeKz83xv_y2qUsHGP3F9n2mNYz/view?usp=sharing<br>Берілген күні: 16.11.2022ж . |

| |
|---|
| **Жарғының тіркелуі:**<br>«Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ 2021 жылғы 08 қаңтардағы №2 бұйрығымен бекітілген. Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ -нің жарғысының сілтемесі:<br>https://drive.google.com/file/d/14-Y9uIuIQA5bnHNFWcS902Im0vEo74uq/view?usp=sharing |
| **6) рұқсат етуші құжаттар:**<br>Лицензия және лицензияға қосымшаның көшірмелерінің сілтемесі:<br>https://drive.google.com/file/d/1bbHJHh2LfxpY3f6eHj6h20oeXKgmyfSC/view?usp=sharing<br>Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы № KZ23LAA00032961 хабарлама 15.12.2022ж.<br>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтін басталуы туралы құжат сілтемесі.https://drive.google.com/file/d/1LGq7EbRcoUlYh5M2_F-lKWy-hyv7Kr16/view?usp=sharing |

«Білім мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтың функционалдық құзыреттілігін дамыту – білім сапасын және тәрбиелік деңгейін арттырудың факторы»

**Мақсаты:** Білім беру процесінің тиімділігін арттыру арқылы оқу қызметін ұйымдастыруда заманауи әдістерді қолдану, мұғалімнің кәсіби деңгейін және педагогикалық шеберлігін үздіксіз жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. Жаңартылған мемлекеттік білім стандартына сәйкес мектептің даму режимінде жұмыс істеу.
2. Мұғалімдерді аттестация талаптарына, оқу-әдістемелік сүйемелдеуді әзірлеу шарттарына сәйкес кәсіби өсуге ынталандыру.
3. Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін қала мен республика деңгейінде презентациялау перспективасымен одан әрі жетілдіру.
4. Мектептің оқу-материалдық базасын нығайту, кабинеттерді безендіру және оқу-әдістемелік аймақты жүйелеуді жалғастыру.
5. Барлық білім беру сатысында білім сапасын мониторингтеу жүйесін жетілдіру.
6. Табиғат-математикалық цикл мен қоғамдық-гуманитарлық цикл пәндерін оқытудың сапасын бақылауды күшейту.
7. 9-11 сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру жұмысын жандандыру.
8. Мектептің педагогикалық тәжірибесін және инновациялық жобаларын бұқаралық ақпарат құралдарында жүйелі түрде жариялау.
9. Оқушыларды азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін құрметтеуге, Конституцияға және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
10. Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тәжірибесін мектептің веб-сайтында және БАҚ-та белсенді түрде тарату.
11. Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартуды жүйелі түрде дамыту, қазіргі заманғы педагогикалық жаңалықтарды ескере отырып, ата-аналарға арналған оқыту курстары.
12. Оқушыларды ҰБТ-ға дайындау және мектеп бойынша ҰБТ орташа баллын арттыру бойынша жұмысты жетілдіру.
13. Педагогтардың аттестациясын және «педагог-эксперт», «педагог-зерттеуші» категориялары бойынша педагогтардың үлесін арттыру жөніндегі жұмысты жетілдіру.
14. Мектеп оқушыларын сыртқы бағалау жүйесіне (МОДО, PISA, TIMMS, PIRLS) дайындау жұмысын жетілдіру.
15. Білім беру мекемесінің қажеттіліктерін іске асыру мақсатында материалдық- техникалық базаны нығайту (білім беру үрдісін

компьютерлендіру, аудио- визуалды құралдарды, ұйымдастыру техникасын, оқу-көрнекі құралдарды сатып алу), цифрлық сауаттылық сапасын арттыружәне оқу үрдісінің мақсаттары мен САНПин нормаларына, жаңа буын жабдықтарына сәйкес оқу кабинеттері мен үй- жайларының интерьерін жаңарту.

Мектепте білім берудің ашықтық жүйесі қалыптасқан. Оқу тәрбие үрдісіндегі мемлекеттік қызмет көрсету ата-аналардың, оқушылардың қоғамның сұранысына сай қолжетімді. 10-11 сыныптарда оқушылардың таңдауы бойынша жаратылыстану- математикалық бағыты бойынша кәсіби білім беріледі.

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» «Ашық микрофон" сұхбаттасу жобасы, «Ұшқыр ой алаңы» дебат, «Өзін- өзі басқару», «Үздік насихаттау тобы», «Үздік тулы тобы», «Шекарасыз ғылым» «Бір оқиға айдары» жобалары енгізілген.

«Тіл әлемі», "Эссе жазудың ерекшеліктері", "Интернет әлемінде", "Көркем жазу", "Логика әлемі", «Волейбол», «Шахмат», «Үстел теннисі»,
«Асық ату», «Робототехника» «Інжу» би, «Айналайын» вокал үйірмелері жүргізіледі.Мектептің оқу-тәрбие үрдісінде жүргізіліп жатқан жұмыстар мектеп сайытында және әлеуметтік парақшаларда кеңінен жарияланып тұрады. Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы мұғалімдермен және мектеп әкімшілігімен оқу-тәрбие үрдерісін ұйымдастырудағы мәселелерді шешуге қатысады. Оқу-тәрбие үрдісіндегі барлық мәселелер қамқоршылық кеңес мүшелерімен алқалы кеңесте шешіледі.

**2.Кадрлық құрамға талдау:**

Білім беру үрдісін сапалы қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі, олардың кәсіби қызметке қатынасы және мектепті кадрлық қамтамасыз ету болып табылады.

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің

«С.Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ қызметін талдау нәтижесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетінін көрсетті. Мектеп жұмыс оқу жоспарында көрсетілген пәндерге сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар мұғалімдермен қамтамасыз етілген.

**Кадрлыққұрамғаталдау:**

Мектептегімұғалімдер саны – 36 мұғалім, оныңішінде30адамныңжоғарыпедагогикалықбілімі бар, 6адамның орта арнаулыпедагогикалықбілімі бар.

Педагогикалық еңбек өтілі бойынша:

| | Стажработы | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 3 жылға дейін | 3-5 | 6-10 | 11-15 | 16-20 | 20-дан жоғары | Жас мамандардың үлесі |
| 2021-2022 | 6 | 4 | 2 | 8 | 5 | 11 | 0 |

2021-2022оқужылыныңқорытындысыбойынша34 мұғалімнің 10 жылданастамеңбекөтілі бар.
Кадрлардыңсапасынтәжірибебойыншабақылайтынболсақ, негізгіқұрамтәжірибесі бар мамандар, зейнетжасындағымұғалімдер бар. Сондай-ақжасұстаздарүлесі де артқан.Біржағынанмұныңжақсыжағы да бар, өйткеніжасмұғалімдероқуүдерісінде АКТ-нықолданудасауатты.

Академиялық магистр дәрежесі бар мұғалімдер саны туралыақпарат

Магистр

| **2021-2022уч.год** | **%** |
|---|---|
| 0 | % |

**2021-2022оқужылыныңқорытындысыбойыншасабақберетінмұғалімдердіңсапалыққұрамы**

| **Білімібойыншамұғалімдердіңсандыққұрамы** |
|---|

| Білімі | Мұғалімдер саны | Жалпы саннан% |
|---|---|---|
| Жоғарғы | 30 | 83,3% |
| Арнаулы-орта | 6 | 16,7% |
| **Біліктіліксанатыбойыншамұғалімдердіңсандыққұрамы** | | |
| «Педагог-шебер» | 0 | 0% |
| «Педагог-зерттеуші» | 10 | 27,8% |
| «Педагог-сарапшы» | 8 | 22,2% |
| «Педагог-модератор» | 8 | 22,2% |
| «Педагог» | 8 | 22,2% |
| «Бірінші» | 1 | 2,8% |
| «Екінші» | 1 | 2,8% |

Педагог-зерттеуші, педагог-сарапшылардыңүлесі: 50%

**Мектепкелесірежимдежұмысістеді:** мектепалды, 1-11 сыныптар 5 күндікжұмысаптасындаштаттықформаттаоқыды;

**Сабақтыңбасталуы:**

1 ауысым-08:30-ден;

2 ауысым-13:00-дан.

Сабақтыңұзақтығы-45 минут.

Күндізгіжәнеапталықсабақрежимімектепдиректорыбекіткенсабақкестесімена нықталды.

Оқужылыныңұзақтығымектепалдысыныптарда – 33 апта, 1 сыныптарда-33 апта, 2-11 сыныптарда – 34 аптаболды.

**Оқушылар контингенті**

2021-2022оқу жылының басында мектепте - 1-11 сыныптардың 429 оқушысы және мектепалды даярлық сыныптарында 35 оқушы оқыды. Оқу жылының соңында оқушылар саны - 428 оның ішінде
Мектепалды даярлық тобы – 34
1-4 сыныптар –189оқушы;
5-9 сыныптар –189оқушы;
10-11 сыныптар – 16 оқушы;
ЕББҚБ -10 оқушы.

**3 жыл ішінде білім алушылар контингентінің динамикасы**

| | **2021-2022 оқу жылы** | |
|---|---|---|
| | Оқушылардың жалпы саны | Сынып-жиынтығы |
| 1 – 4 сыныптар | **189** | **9** |
| 5 – 9 сыныптар | **189** | **10** |
| 10 – 11 сыныптар | **16** | **2** |
| **Жалпы мектеп** | **394** | **21** |

| бойынша | | |
|---|---|---|

**Білім дағдыларын тексеру нәтижелері бойынша оқу - тәрбие процесін талдау.**

Оқушылардың білім дағдыларын тексеру нәтижелері бойынша оқу-тәрбие процесін талдау мынадай нысанда жүргізілді: әкімшілік бақылау жұмыстары; мектеп оқушыларының мемлекеттік стандарттарды игеру сапасын анықтау мақсатында барлық пәндер бойынша білім бөлімдері.

Жұмыстың негізгі статистикалық көрсеткіштерінің бірі әкімшілік бақылау нәтижелері болып табылады. 2-11 сынып оқушыларының білім деңгейін әкімшілік бақылау үшін тесттер таңдалды.

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша білім сапасы**

**Оқу үлгерімі мен білім сапасының қорытындылары. 2-4 сыныптар. 2021 / 2022 оқу жылы.**

| № мектеп | Пәндер | Жалпы | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жалпы | 5 | 4 | 3 | 2 | н/а | %усп. | % кач. |
| Қаз | Қазақтілі | 142 | 50 | 39 | 53 | 0 | 0 | 100 | 62,68 |
| Қаз | Орыстілі | 142 | 51 | 50 | 41 | 0 | 0 | 100 | 71,13 |
| Қаз | Әдебиеттікоқу | 142 | 52 | 40 | 50 | 0 | 0 | 100 | 64,79 |
| Қаз | Математика | 142 | 48 | 41 | 53 | 0 | 0 | 100 | 62,68 |
| Қаз | Дүниетану | 142 | 50 | 50 | 42 | 0 | 0 | 100 | 70,42 |
| Қаз | Жаратылыстану | 142 | 51 | 46 | 45 | 0 | 0 | 100 | 68,31 |
| Қаз | Шеттілі | 142 | 43 | 62 | 37 | 0 | 0 | 100 | 73,94 |

**Оқуүлгерімі мен білімсапасыныңқорытындысы 5-11 сыныптар. Оқужылы: 2021 / 2022**

| № мектеп | Пәндер | Жалпы | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жалпы | 5 | 4 | 3 | 2 | н/а | % ус | % кач |

| | | | | | | | | п | . |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қаз | Қазақтілі | 205 | 50 | 78 | 77 | 0 | 0 | 100 | 62 |
| Қаз | Қазақәдебиеті | 205 | 56 | 81 | 68 | 0 | 0 | 100 | 67 |
| Қаз | Орыстілі мен әдебиеті | 205 | 38 | 101 | 66 | 0 | 0 | 100 | 68 |
| Қаз | Математика | 76 | 12 | 27 | 37 | 0 | 0 | 100 | 51 |
| Қаз | Алгебра | 113 | 11 | 47 | 55 | 0 | 0 | 100 | 51 |
| Қаз | Геометрия | 129 | 12 | 56 | 61 | 0 | 0 | 100 | 53 |
| Қаз | Физика | 129 | 11 | 56 | 63 | 0 | 0 | 100 | 51 |
| Қаз | Жаратылыстану | 76 | 11 | 37 | 28 | 0 | 0 | 100 | 63 |
| Қаз | Биология | 113 | 14 | 58 | 41 | 0 | 0 | 100 | 64 |
| Қаз | География | 129 | 40 | 53 | 36 | 0 | 0 | 100 | 72 |
| Қаз | Химия | 113 | 13 | 50 | 50 | 0 | 0 | 100 | 56 |
| Қаз | Дүниежүзітарихы | 205 | 42 | 92 | 71 | 0 | 0 | 100 | 65 |
| Қаз | Қазақстантарихы | 205 | 42 | 92 | 71 | 0 | 0 | 100 | 65 |
| Қаз | Адам .Қоғам. Құқық | 34 | 0 | 30 | 4 | 0 | 0 | 100 | 88 |
| Қаз | Информатика | 205 | 40 | 89 | 76 | 0 | 0 | 100 | 63 |
| Қаз | Алгебра жәнеталдаудыңбасталуы | 16 | 0 | 11 | 5 | 0 | 0 | 100 | 68 |
| Қаз | Шеттілі | 205 | 50 | 82 | 73 | 0 | 0 | 100 | 64 |

**Оқытубуыныбойыншабілімсапасыныңқорытындылары**

| **№ мектеп** | ***2-4 сыныптар*** | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ***Жалпы оқушылар*** | ***үздіктер*** | ***екпінділер*** | ***үштіктер*** | ***үлгермеушілер*** | ***аттестаттамағанда*** | ***% үлгерімі*** | ***% білім сапасы*** |
| Жалпы | 142 | 35 | 48 | 59 | 0 | 0 | 100 | 58,45 |
| | ***5-9 сыныптар*** | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жалпы | 189 | 21 | 71 | 97 | 0 | 0 | 100 | 48,68 |
| | ***10-11 сыныптар*** | | | | | | | |
| Жалпы | 16 | 0 | 11 | 5 | 0 | 0 | 100 | 68,75 |
| | ***жалпы*** | | | | | | | |
| Жалпы | 347 | 56 | 130 | 161 | 0 | 0 | 100 | 53,6 |

Жоғарыдакелтірілгенмәліметтергесүйенеотырып, бастауышмектептеоқушылардыңбілімсапасыжалпымектепкөрсеткішінентұрақтытүрдежоғарыекендігібайқалады. Ортажәнежоғарыбуындабілімсапасыалгебра, геометрия, математикапәндерібойыншажалпымектептіккөрсеткіштентөменекендігіатапөтіледі.

**2021/2022 оқу жылындағы үлгерім мен білім сапасының қорытындылары**

| Сынып | Жалпы | Үздіктер | Екпінділер | Үштіктер | Үлгермеушілер | Аттестатталмағандар | % білім сапасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 сыныптар | 57 | 16 | 20 | 21 | 0 | 0 | 63,16 |
| 3 сыныптар | 44 | 9 | 16 | 19 | 0 | 0 | 56,82 |
| 4 сыныптар | 41 | 10 | 12 | 19 | 0 | 0 | 53,66 |
| 1 – 4 сыныптар | 142 | 35 | 48 | 59 | 0 | 0 | 58,45 |
| 5 сыныптар | 37 | 6 | 13 | 18 | 0 | 0 | 51,35 |
| 6 сыныптар | 39 | 5 | 15 | 19 | 0 | 0 | 51,28 |
| 7 сыныптар | 36 | 6 | 12 | 18 | 0 | 0 | 50 |
| 8 сыныптар | 43 | 4 | 16 | 23 | 0 | 0 | 46,51 |
| 9 сыныптар | 34 | 0 | 15 | 19 | 0 | 0 | 44,12 |
| 5 – 9 сыныптар | 189 | 21 | 71 | 97 | 0 | 0 | 48,68 |
| 10 сыныптар | 7 | 0 | 5 | 2 | 0 | 0 | 71,43 |
| 11 сыныптар | 9 | 0 | 6 | 3 | 0 | 0 | 66,67 |
| 10 – 11 сыныптар | 16 | 0 | 11 | 5 | 0 | 0 | 68,75 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жалпы | 347 | 56 | 130 | 161 | 0 | 0 | 53,6 |

**Жалпы**:

- үздіктер – 56оқушы;
- екпінділер – 130оқушы;
- үштіктер – 161оқушы;
- үлгермеушілер – 0 оқушы;
- сапасы – 53,6%;
- үлгерімі – 100 %.

**Оқуғаынталыоқушылармен жұмысқорытындысы**

Қабілеттіоқушылармен жұмысжасауместелесіқазіргіқоғамүшінөтеөзекті. Өйткені, әрадамныңөзінебейімділіктүріндесақталғанкөптегенмүмкіндіктерібар. Қазіргімектепәдеттеоқушыныңқабілеттерінертеанықтаужәнедамытумәселесі нетапболады. Сондықтанқабілетіжоғарыоқушылармен жұмысжүйесі, барлықоқушылармен жұмысидеясынбарыншадамыту, яғнидағдылар, танымдыққабілеттержүзегеасырылады.

**Мақсаты:**Жан-жақтыбілімді, дамығаніскерлікойлауды, жоғарыадамгершілікті, денісау, еңқабілеттіжандықалыптастыру. Өзқабілеттерінесәйкесбалалардыңталантынашудыдамыту, жетілдіру.

**Педагогикалық кадрлардың аттестатталуы**

Әдістемелік жұмыстың ең маңызды бағыттарының бірі оқытушылардың кәсіби шеберліктерінің деңгейі. Мектепте ол аттестаттау қорытындысымен көрсетіледі, бірақ 2021-2022 оқу жылында аттестаттауға баратын мұғалімдер болған жоқ.

**Үйден оқыту бойынша** мектебімізде облыстық психологиялық – медициналық – педагогикалық кеңестің тұжырымдарына сәйкес 1 оқушы үйден оқытылады . Ол: 2«А» сынып оқушысы Каниват Нұрым. Әр оқушының құжаттары жинақталды, сабақ кестесі жасалынып ата – аналарымен келісілді.

Осы оқушыға сабақ беретін барлық пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, сабақ жоспарлары түгел, пән мұғалімдерінің сабақ материалын оқушының қабылдауы туралы жүргізілетін күнделіктері де ата-аналармен келісілген.

Мектеп психологы, дефектолог, логопед тарапынан үйден оқытылатын балалармен тренингтер, сауалнамалар жүргізіліп, зерттеу-диагностика жұмысы атқарылып отырды.

**Дарынды балалармен жұмыс**

Мұғалімдер, мектеп оқушылары жалпы білім беру пәндері бойынша қалалық олимпиадалардың қатысушылары мен жүлдегерлері, қалалық шығармалар, мәнерлеп оқу байқауларының, экологиялық білім беру байқалауларының қатысушылары мен жүлдегерлері,ғылыми жоба

байқауларының жүлдегерлері, ҚР шағын академиясының жыл сайынғы ғылыми практикалық конференцияларының қатысушылары.
-«XXI ғасыр –сауатты ұрпақ, ғасыры!» эссе байқауы, 9-11сыныптар; 19.11.2021 ж.
- 9- сынып оқушылары «Жалпыадамзаттық Құндылықтар» атты эссе байқауы; «Ұлттық рухтың негізі –ұлттық тіл» атты эссе байқауы,
- 9-11сыныптар; Жалпықазақстандық ашық диктант мектеп әкімшілігі мен мұғалімдер;
- «Бастау» оқу әдістемелік орталығы» мен Шахтинск қаласы РЖО» бірлесіп «Тәуелсіз елім –ардақты Атамекенім»қалалық байқауы;
- Облыстық «Бір отбасы –бір кітап» акциясы аясында оқырман отбасы, буктрейлер;
- 1 наурыз «Театр күніне» орай мектебімізде үш тілде сахналық қойылымдар көрсетілді.
- М.Мақатаевтың туған күніне орай «Ғасыр ақыны» атты шара; «Жыр алыбы-Жамбыл» атты қалалық, облыстық байқау; «Менің туым –менің Қазақстаным» атты челлендж; 180 жылдық Ы.Алтынсариннің туған күніне орай «Ұлттың ұлы ұстазы» атты шаралар;»Тіл менің –елдігімнің айғағы» тіл мерекесіне арналған челлендж;
-Исабай М. 5-6 сынып оқушылар арасында «Өлкетану» зияткерлік онлайн ойында III орын;
-“Clever- 2021” Рымбек Ерсұлтан 4сынып оқушылары арасында II орын;
- «Тәуелсіздік елім - ардақты Атамекенім» атты байқауы Бас жүлде-Ханатбай Еркеназ.
- «Тәуелсіздік елім - ардақты Атамекенім» атты байқауы Шоқпарова Айғаным I орын;
- «Ең үздік репортаж» Ханатбай Еркеназ III орын;
- 9-11 сыныптар арасында волейбол бойынша жарыс III орын;
- Жалпы білім беретін 8-11сынып оқушылары арасында «Жыр алыбы –Жамбыл» атты облыстық байқаудың қалалық кезеңінде 8сынып оқушысы Ардакелді Фатима «Өлеңмен ойып оюды» номинациясы бойынша II орын;
-7-8 сыныптар арасында «Мектеп лигасы» аясында волейбол бойынша қалалық жарыстан I орын;
- «Мамандықтар әлемін ашамыз» облыстық форумы аясында қалалық кезеңінде «Менің кәсібім –менің бизнесім» номинациясы бойынша Шокпарова Арайлым II орын;
-«Мамандықтар әлемін ашамыз» облыстық форумы аясында қалалық кезеңінде «Мамандық таңдайтын уақыт» номинациясы бойыншаАрдакелді Фатима II орын;
- Мектептер арасында қалалық туристік квест ойынынан III орын;
-«Шахтинск қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі мен Шахтинск жастар ресурстық орталығы» бірлесіп ұйымдастырған «Жанымды сөзбен төгемін...» атты оқу сайысына қатысып Ерубаев бауыржан Алғыс хат, Ханатбай Еркеназ I орын;
- Қарақерей Қабанбайдың 330 жылдығы аясында жалпы білім беретін мектептердің 9 сынып оқушылары арасында «Қабанбай батыр ұрпақтары»

интеллектуалды сайыста 9 сынып оқушылары Ерубаев Бауыржан, Тәжен Гүлнұр II орын, жетекшісі: Жунусов К.Ж.;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимылдағы инновациялық тәсілдері» атты эссе байқауы 11сынып оқушысы Сулейменова Назерке I орын;
-8-11сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалардың қалалық кезеңінен математика бағыты бойынша III орын Шопбаев Нурислам, жетекшісі: Мустафина И.Б.;
-8-11сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалардың қалалық кезеңінен биология бағыты бойынша III орын Назар Нұрғайша, жетекшісі: Сабиолдина А.К.;
-2-7 сынып оқушыларының республикалық «Зерде» зерттеу жұмыстары мен жобалар конкурсының қалалық кезеңінен математика бағыты бойынша III орын Уринбасаров Асылбек, жеткшісі: Мустафина И.Б.;
-2-7 сынып оқушыларының республикалық «Зерде» зерттеу жұмыстары мен жобалар конкурсының қалалық кезеңінен математика бағыты бойынша III орын Мажитов Ахмет, жеткшісі: Адамина М.Ж.;
- «Мәшһүр Жүсіп оқулары» республикалық байқауының қалалық кезеңінен «Алдыма өлең жаз деп қағаз келген, сөзімді бақтым мен де білген» номинациясы бойынша Шоқпарова Айғаным II орын;
-Облыстық «Тарих серпіні» жобасы аясында нетворкингте тарих пәнінің мұғалімі К.Ж.Жунусов «Ұлттық біріңғай тестілеуге дайындауда оқушылардың оқу сауттылығын дамыту үшін контексттік тарсырмаларды пайдалану» тақырыб бойынша тәжірибемен бөлісті;
- 9-11сынып оқушылары арасындағы республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде11 сынып оқушысы Жайлыханова Венера қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен III орын, жетекшісі Сабиолдина А.К.;
-9-11сынып оқушылары арасындағы республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде 11 сынып оқушысы Жарбосынова Гүлназ құқық негіздері пәнінен III орын;
-9-11сынып оқушылары арасындағы республикалық олимпиадада қалалық кезеңінде 11 сынып оқушысы Тангрибердиева Гульмира физика пәнінен III орын, жетекшісі Айкенова Ж.К.;
-8-11сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалардың қалалық кезеңінен қоршаған орта бағыты бойынша II орын Пердебаева Динара, жетекшісі:Бисенов К.Н.;
- Тарих пен география пәндері бойынша үздік бейнесабақ байқауының қалалық кезеңінен тарих пәні бойынша Жунусов К.Ж. II орын;

11 сынып оқушылары 9 оқушы ҰБТ қатысып нәтиже,орташа балл – 66%.

2021-2022 оқу жылында 11 сыныпты 9 оқушы аяқтады. Оның 6 оқушысы жоғары оқу орынға грантқа түсті, 2 оқушы колледжге грантқа түсті, 2 ақылы оқуға түсті, 1 оқушы денсаулығына байланысты оқуға түскен жоқ. 9сыныпты 34 оқушы аяқтады. Оның ішінде 18 оқушысы колледжге грантқа оқуға түсті, 4 ақылы, 12 мектете оқуды жалғастырды.

**Тәрбие жұмыстарының бағыттары бойынша**
**2021-2022 оқу жылына арналған жылдық іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат**

Тәрбие жоспары 2019-2024 жылдарға арналған Рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыру аясында, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес құрастырылған.

Тәрбие жоспарында әр айға жоспар құрылып, ай бағыты анықталған. 2021-2022 оқу жылындағы атаулы күндер тәрбие жоспарында қамтылып отыр. Қыркүйек айында 1 қыркүйек білім күні Рухани жаңғыру бағдарламасы аясындат «Тәуелсіздіктің жетістіктері» тақырыбында 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен сынып сағаттары ұйымдастырылды. Оқушыларға 30 жылда қол жеткізген жетістіктер жайлы айтылып, бейнероликтер көрсетілді.

https://www.instagram.com/p/CTRmLUmtc1M/?utm_medium=share_sheet

Тілдер күнінде жоспарға сайт «Өз тіліңді құрметте!» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Сынып сағаттарында мемлекеттік тілдің мәртебесі жайлы айтылып, тіл жайын жырлаған ақын-жыршы, жазушыларымыздың құнды мұралары оқушылар назарына ұсынылды. 6 қыркүйек күні «Ұлттық рухтың негізі-ұлттық тіл» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылып өтті. Мектеп оқушылары «Тілім менің- елдігімнің айғағы» атты челленджге белсене қатысты. Оқушылар челленджге тіл жайлы өлеңдерді жатқа мәнерлеп айту арқылы қатысты. Осы тәрізді іс-шараларды ұйымдастыру оқушылардың бойына патриотизм мен азаматтық тәрбиені қалыптастыруға ықпал етеді.

https://www.instagram.com/p/CTbRHAJIsLN/?utm_medium=share_sheet
https://www.instagram.com/p/CTetP6AILYD/?utm_medium=copy_link

Салауатты өмір салтын ұстану, әр оқушының бойына спортқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мақсатында, денсаулық фестивалі ұйымдастырылды. Денсаулық күніне орай ұйымдастырылған іс-шараға бастауыш, орта буын, жоғары сынып оқушылары белсенді атсалысты.

Сонымен қатар жоспарға сай, дұрыс тамақтану жолдары туралы ақпараттық сағат өткізілді. Оқушыларға зиянды фасфудтар жайлы айтылып, дұрыс тамақтану-келешекте денсаулықтың байлығына алып келетіні жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

https://www.instagram.com/sh_9jbbm/p/CTri2A-tiuz/?utm_medium=copy_link

Елімізде қыркүйек айының екінші жексенбісінде «Отбасы күні» аталып өтеді. Тәрбие жоспарына сай Отбасы күні «Отбасы бақыт мекені» тақырыбында бейнероликтер және суреттер байқауы, әңгімелесулер ұйымдастырылды. Сонымен қатар 1-11 сыныптар аралығында

«Құндылықтарға негізделген білім беру» тақырыбында отбасының рөлі жайлы сынып сағаттары ұйымдастырылды. Отбасының әр бала үшін маңызы айтылып, бала үшін отбасының рөлі айқын сомдалып, бақытты балалық шақ үшін отбасының маңызы іс-шаралар арқылы жеткізілді. Аталған іс-шараға мектеп оқушылары әдеттегідей белсенді қатысып, ең үздік бейнероликтер мен суреттер әлеуметтік желіде жарияланды.

https://www.instagram.com/tv/CTuCdFpF3AS/?utm_medium=copy_link
https://www.instagram.com/tv/CTuD23HlFA0/?utm_medium=copy_link

Соңғы уақытта Қазақстанда жануарларды қорлау жағдайлары өкінішке орай кеңінен орын алып жатырғаны белгілі. Сол себепті оқушылардың бойына жануарларға деген қамқорлықты, сүйіспеншілікті қалыптастыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылды. Мектеп кітапханасында «Жануарларға қамқор болайық!» тақырыбында бұрыш дайындалып, оқушылар жануарлар жайлы көптеген кітаптармен танысып, өзара пікір алмасты.

https://www.instagram.com/sh_9jbbm/tv/CTy-VMSlpv6/?utm_medium=share_sheet
https://www.instagram.com/tv/CTzDBpOFiK9/?utm_medium=share_sheet

«Құқықтық мәдениет» жобасы аясында мектеп оқушыларымен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүйелі түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Түсіндірме жұмыс мектеп инспекторы мен әлеуметтік педагогтің қатысуы арқылы ұйымдастырылды. Сонымен қатар мектебіміздің 5-8 сынып оқушыларымен жол жүру ережесі бойынша түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылып өтті.

https://www.instagram.com/p/CT4ER0Mt1nm/?utm_medium=share_sheet

Қыркүйек айының соңында 1-11 сынып оқушыларымен электр тоғымен зақымданудың алдын-алу мақсатында сынып сағаттары ұйымдастырылып өтті. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аталған іс-шаралар ұйымдастырылуымен қоса мектебіміздің әлеуметтік желісінде оқушылар мен ата-аналар назарына қауіпсіздікті қамтамасыз ету жайында қажетті ақпараттар мен бейнероликтер үнемі жарияланып тұрады.

Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын қалыптастыру, оқушылар бойына жеке тұлға ретінде өзіндік әрекет ету, жауаптылықты дарыту мақсатында мектебімізді Өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау ұйымдастырылды.

Сайлауға қатысу шарты әлеуметтік желіде жарияланып, үміткерлер сыныптарды аралап өздерінің сайлау бағдарламаларымен таныстырып шықты. Ең көп пайыз дауыс жинаған оқушы мектебіміздің Президенті болып сайланды. Өзін-өзі басқару ұйымы мектеп өмірінде қоғамдық іс-шараларға өз үлестерін қоса отырып мектеп әкімшілігімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасауда.

https://www.instagram.com/sh_9jbbm/p/CTmS11ftYmq/?utm_medium=share_sheet

Тәуелсіздің 30 жылдығы қарсаңында мектебіміздің «Мұрагер» дебат клубы «Мен пікірсайысшымын!» челленджіне қатысты. Сонымен қатар қалалық дебат турниріне қатысып жүлделі 2 орынға ие болды.

https://www.instagram.com/p/CUw3wiOtslm/?utm_medium=share_sheet

Қазанның алғашқы аптасында қарттар күні мен ұстаздар күні және еңбек күні кеңінен аталып өтті. Жоғары сынып оқушылары еңбек күніне орай, түрлі мамандық иелерін атаулы мерекемен бейнероликтер арқылы құттықтады.

https://www.instagram.com/p/CUKN7Z_Nvq-/?utm_medium=share_sheet
https://www.instagram.com/sh_9jbbm/p/CUKOx6dtSO7/?utm_medium=share_sheet

Мектеп оқушылары және де мектебіміздің түлектері «Ұстазыңды құттықта» челленджіне қатысуда ерекше белсенділік көрсетті. Мектеп оқушылар ардагер ұстаздардың қатысуымен өткен сыныптан тыс тәрбие сағатына аса белсенділікпен қатысты. Сонымен қатар мектеп оқушылары арасында «Ұстазым саған ұқсағым келеді», «Ұстаз деген Ұлы есім» тақырыптарында бейнероликтер байқауы, сурет сайысы, эссе байқауы т.б. іс-шаралар өткізілді. Аталған іс-шараға мектеп оқушылары ерекше ықыласпен қатысып, өз шеберліктерін көрсетті. Ол да болса ұстаз есімінің оқушы алдындағы маңыздылығын айқын көрсете білді.

https://www.instagram.com/p/CUXvIm7Nomc/?utm_medium=share_sheet
https://www.instagram.com/p/CUcP8ZKNrq1/?utm_medium=share_sheet

Ұлттық тәрбиені дәріптеу аясында мектебіміздің 7-11 сыныптары аралығында М.Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойына орай «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін!» атты сынып сағаттары ұйымдастырылды. Сынып сағаттарында оқушылар М.Мақатаев поэзиясы жайлы бейнероликтер тамашалап, ақын өлеңдерінің тақырыптарына тоқталды.

Қазан айының екінші аптасында Қыздар күні мерекесі аталып өтті. Апталық аясында мектебіміздің педагог-психологы, медбике қатысуымен 7-8 сынып қыз балалары арасында әңгімелесулер ұйымдастырылды. Сонымен қатар жетістікке жеткен әйел, облыстық «Қазақтың келіндері-ай!» байқауының жеңімпазы Абдикаримова Арайлым Кенжеқызымен кездесу ұйымдастырылды. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, қызықты кеш сәтінен естелік фотога түсті. Кездесу барысында қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлының келіні, қазақ келіндерінің символына айналған Зейнеп Ахметованың салт-дәстүрді жаңғыртатын кітабы таратылды.

https://www.instagram.com/p/CU1c6PpICWG/?utm_medium=share_sheet
https://www.instagram.com/p/CUwvlzBtl6J/?utm_medium=share_sheet

Мектебіміздің «Жас сарбаз» командасы Ұлы Отан соғысының ардагері Чиришев Николай Ионовичпен кездесуге барды. Оқушылар ардагер тұратын үйдің ауласына тазалық жасап қамқорлығын көрсетсе, өз кезегінде ардагер оқушылардың қызықтырған сұрақтарына жауап беріп жас сарбаздарымызға тағылымы мол кездесу болды. «Жас сарбаз» командасы қаламыздағы

орталық саябақта орналасқан мәңгілік от монументі аясын тазалуға да атсалысты.

https://www.instagram.com/p/CVPoscbtq0N/?utm_medium=share_sheet

Кәсіби бағдар аясында мектеп оқушыларымен «Сен кім болғың келеді?», «Мамандыққа бастар жол» т.б. мамандық таңдау бойынша іс-шаралар ұйымдастырылуда. Кәсіби бағдар беру жұмысын үйлестіру мақсатында, Шахтинск технологиялық колледжімен тығыз қарым-қатынаста жұмыстар ұйымдастырылуда. Іс-шаралар кестесі бекітіліп алға жоспар құрылуда.

Тәрбие жоспарында белгіленген алдағы уақытта ұйымдастрылатын іс-шаралар Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылатын болады.

Қараша айының бірінші аптасында Өзін-өзі басқару ұйымының Президенті Кансейтов Тамерлан «Діни экстремизм және терроризм» туралы пікірін білдіріп бейне баян ұсынды. Аталған бейнебаянда діни экстремизм және терроризмнің алдын-алу және олардан сақтану шаралары кеңінен айтылып өтті. Бейнебаян әлеуметтік желіде жарияланып, оқушылар мен ата-аналар назарына ұсынылды.

https://www.instagram.com/sh_9jbbm/p/CWKwwTfFjiH/?utm_medium=share_sheet

3.11.2021жылы Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№9 жалпы білім беретін мектебі» КММ директоры М.Улжибаеваның басшылығымен педагогикалық ұжымымен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауының негізгі бағыттарын түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.Біржікен Жолдаудағы негізгі бағыттары жайлы түсіндіріп өтті.

Қасым-Жомарт Кемелұлының биылғы Жолдауы өзінің нақтылығымен және мақсаттылығымен елдің алдағы жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарын айқындайды. Жолдауда көтерілген мәселелер барлық қазақстандықтарды, бірінші кезекте ұстаздар құрамын бей-жай қалдырмайды. Жолдауда еліміздің әл-ауқатын дамыту мен экономикасын жетілдіру жолындағы ұстанған басты басымдықтарының бірі Білім беру саласы екендігі баса көрсетілді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы халыққа Жолдауында ел мен қоғамның одан әрі дамуының пайымы баяндалып, қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды стратегиялық міндеттер белгіленген.Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы білікті мамандардың, педагогтардың жаңа толқынына үлкен рөл беріп, елді одан әрі жаңғырта түсуге ынталандыратын жолдау болды.

https://www.instagram.com/p/CVzh58NIXqP/?utm_medium=share_sheet

Қараша айының екінші аптасында мектебіміздің Өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары Республикалық «Ең үздік репортаж» байқауына қатысып, фракция мүшелерінің жұмысын баяндайтын бейенеролик әзірледі. Аталған конкурста Өзін-өзі басқару ұйымының командасы 3 орынға ие болды. Конкурс материалы әлеуметтік желімізде жарияланды.

https://www.instagram.com/tv/CWKxXyRltvA/?utm_medium=share_sheet

2021 жылғы 15 қараша күні мектебімізде Ұлттық валюта күні аталып өтті. Іс-шаралар жоспарына сай, Ұлттық валюта күніне орай барлық сыныптарда сынып сағаттары, викториналар ұйымдастырылды, сонымен қатар «Ұлттық теңгенің мәртебесі» тақырыбында 8 сыныптар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/tv/CWSLe4hFuJo/?utm_medium=share_sheet

https://www.instagram.com/tv/CWVeL4JFTHO/?utm_medium=share_sheet

2021 жылғы 16 қараша күні Халықаралық төзімділік (толеранттылық) күніне орай, мектеп оқушыларымен төзімді болуға шақыратын бейнеролик әзірлеп ұсынды. Аталған бейнероликте адамдар арасындағы өзара сыйластық, мейірбандық, бір-бірін құрметтеу туралы айтылған.

https://www.instagram.com/tv/CWVs4EAF10U/?utm_medium=share_sheet

«18 қараша- Халықаралық темекімен күресу күніне» орай Спорт және салауатты өмір фракциясының көшбасшысы Танирбергенов Шапагат «Темекіге жол жоқ» атты бейнебаян әзірлеп, оқушылар назарына ұсынды. Аталған бейнебаян әлеуметтік желіде жарияланды.

https://www.instagram.com/tv/CWaAyFOFzVl/?utm_medium=share_sheet

2021 жылғы 19 қараша күні Жалпыадамзаттық құндылықтар күнін атап өту аясында, мектебімізде 5-11 сынып оқушылары арасында «Жалпыадамзаттық құндылықтарға» арналған эссе байқауы ұйымдастырылды. Бастауыш сынып оқушыларымен адамның рухани-адамгершілік әлеуетін арттыруға, құндылық бағдарларын, қоғамға қызмет ету дағдыларын дамытуға бағытталған кітаптар көрмесі ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/p/CWc8JNrtp8C/?utm_medium=share_sheet
Сонымен қатар мектебіміздің Өзін-өзі тану және бақыт фракциясының көшбасшысы Мухамбетжанова Сабинаның «Жалпыадамзаттық құндылықтарымызды бағалайық» атты бейнеролигі ұсынылды.
https://www.instagram.com/tv/CWdBjGYljQc/?utm_medium=share_sheet

20 қараша Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай, **«Бала құқығы-адам құқығы» Республикалық** айлық аясында **«20 қараша-Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне»** орай, **«Қатыгездіксіз пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»** ақпараттық науқаны аясында мектеп оқушыларымен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

Тәрбие сағаттарының мақсаты: балаларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту.

https://www.instagram.com/tv/CWcqodjlq_9/?utm_medium=share_sheet

**«Бала құқығы-адам құқығы»** Республикалық айлық аясында **«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»** ақпараттық науқанын ұйымдастыру мақсатында 17-19 қараша аралығында мектебімізде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен 14-17 жас аралығында мектеп оқушылары арасында мектептегі және мектептен тыс ортадағы психологиялық (эмоционалды) және физикалық зорлық - зомбылық бойынша анонимді түрде сауалнама жүргізді.

https://www.instagram.com/p/CWc7OZstolm/?utm_medium=share_sheet

19 қараша күні Мектебіміздің Құқық және тәртіп фракциясының көшбасшысы Мирза Ернұр **«Бала құқығы-адам құқығы» республикалық айлығы аясында, «20 қараша-Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне»** орай, оқушыларға өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болуға шақырып, ақпараттандыру жұмыстарын жүргізді.

https://www.instagram.com/tv/CWc4qXgF1Kb/?utm_medium=share_sheet

Мектебіміздің оқушылары **«Балалық шақты бірге қорғайық»** атты республикалық челленджге қатысу арқылы, әр бала бақытты болуға лайық екенін түсіндіру мақсатында бейнеролик дайындап әлеуметтік желіде жариялады.

https://www.instagram.com/tv/CWVDY9GlLtw/?utm_medium=share_sheet

Республикалық айлық аясында **«Балалар нені армандайды?!»** тақырыбында оқушыларымыздың бейнероликтері әзірленіп ұсынылды.

https://www.instagram.com/tv/CWLxDh0F-VW/?utm_medium=share_sheet

«Бала құқығы-адам құқығы» Республикалық айлық, Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай, «Қатыгездіксіз пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» науқаны аясында мектебімізде ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылып өтті. Оқушылар аталған ісшараларға аса қызығушылықпен қатысып, өз белсенділіктерін танытты.

**«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»** ақпараттық науқаны аясында құқық қорғау органдарының өкілдерімен бірлесіп, кешкі уақытта балалардың көшеде жүруін анықтау мақсатында рейд жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/CWdnlxftXj3/?utm_medium=copy_link

30 қараша 2021 жылы Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсанында мектебіміздің «Аманат» мұражайында « Ер қаруы-бес қару» атты бұрыштың ашылуы өтті.

Жаңа экспозиция жасауда мектептің ер мұғалімдері белсенді атсалысып, мұражай құндылықтарын толықтырды.

Мұражай – әр елдің тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін танытатын құндылық. Қазіргі таңда мектеп өмірінде ерекше орын алып отырған,

жастардың қызығушылығын туғызатын мектеп мұражайлары болып табылады.

https://www.instagram.com/p/CW5jfAwN4B6/?utm_medium=share_sheet

1 желтоқсан- Тұңғыш Президент күнін атап өту аясында мектебімізде көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары мерекеге орай, «Ата толғау» күйін тарту етті, елбасы жайлы бейнеролик әзірленіп әлеуметтік желіде жарияланды. Аталған бейнероликте елбасының тәуелсіз елімізге қосқан үлесі мен нық қадамдары жайлы баяндалған.

Сонымен мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары арасында 1 желтоқсан- Тұңғыш Президент күніне орай сынып сағаттары ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/tv/CW5O2hXFXm4/?utm_medium=share_sheet
https://www.instagram.com/tv/CW3ielOFENE/?utm_medium=share_sheet

2021 жылғы 2-3 желтоқсан аралығында мектебімізде педагог-психолог А.Х.Баисова және әлеуметтік педагог Н.Т.Барлыбай «Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбында іс-шара ұйымдастырды.

https://www.instagram.com/p/CXA0tnBN3B5/?utm_medium=share_sheet

Мектеп психологы А.Х.Баисова 7-9 сынып оқушылармен аутодеструктивті және бейәлеуметтік мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Кибербуллинг және буллинг дегеніміз не?» тақырыбында семинар өткізді.

https://www.instagram.com/p/CXIuIvGNZCq/?utm_medium=share_sheet

Желтоқсанның жетінші жұлдызында мектеп оқушыларымен директордың ТЖ жөніндегі орынбасары Э.О.Біржікен, әлеуметтік педагог Н.Т.Барлыбай және Шахтинск қаласының ПБ ЖПҚБ кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлар тобы полиция капитаны Е.К.Сердалин мен полиция лейтенанты Ш.С.Спатаева «Қандай жағдайлар кәмелетке толмағандар профилактикалық тіркеуге тұруы мүмкін», «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас барысында өз-өзін ұстау» тақырыптарында құқықтық лекциялар және желтоқсанның 6-11 аралығында өткізіліп жатқан «Темекі шегуге жол жоқ!» атты акциясы аясында "Шылым шегуге және ішімдікке жол бермеу" тақырыбында дәріс өткізді.

https://www.instagram.com/p/CXK9qKutofW/?utm_medium=share_sheet

9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күніне орай тарих пәнінің мұғалімі Қ.Ж.Жунусов және өзін өзі басқару ұйымының Премьер Министрі Ағыбай Баекешов мектеп оқушылары арасында «Тоқта! Жемқорлыққа жол жоқ!» атты тәрбие сағатын өткізді.

Тәрбие сағатының мақсаты: мектеп табалдырығынан баланы жемқорлық індетінен бойын аулақ ұстауға баулу.

https://www.instagram.com/tv/CXQdOO7l0Wv/?utm_medium=share_sheet

«Адал ұрпақ» жобасы аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие сағаты жүргізілді. Адал ұрпақ тәрбиелеу – қай уақытта болса да өз маңыздылығын жоғалтпаған мәселе. Өскелең ұрпақ сыбайлас жемқорлықтан аулақ болу үшін, мектеп қабырғасынан бастап, халқының мүддесін өз мүддесінен артық қоятын, адалдық, бауырмалдық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді бойына жинай білген ұрпақ тәрбиелеу басты борышымыз. Аталған іс-шараға мектебіміздің Өзін-өзі басқару ұйымының Президенті Кансеитов Тамерлан қатысып, жемқорлық және оның алдын-алу бойынша өз пікірін білдіріп баяндама жасады.

https://www.instagram.com/p/CVfQFaLtEnQ/?utm_medium=share_sheet

«Әйелдерге зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы аясында мектеп психологы қыздар арасында тәрбие сағаттарын өткізді. Іс-шара тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу, сондай-ақ қарапайым халықты әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын-алу және болдырмау, аналар мен балаларды қорғау, отбасының қоғамдағы рөлін нығайту бойынша қабылданған шаралармен таныстыру мақсатында өткізіледі. 1948 жылдан бері елімізде де Адам құқықтары күні жыл сайын 10 желтоқсан күні тойланып келеді. Бұл күндер әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық пен адам құқықтарының бұзылуы арасындағы символдық байланысты көрсетеді.

https://www.instagram.com/sh_9jbbm/p/CXSwNFjNzuw/?utm_medium=share_sheet

Мектебімізде 16 желтоқсан мемлекеттік мереке күніне арналған Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында 1-11 сыныптар аралығында сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Сынып сағаттарында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында мемлекетіміздің даму тарихы, жеткен жетістіктері туралы отандық телеарналар әзірлеген бейнематериалдар көрсетілді. Аталған медиаконтент оқушылар үшін ел тәуелсіздігінің қадір-қасиетін ұғындырып, олардың бойында патриоттық сезім қалыптастыруға және дамытуға зор үлес қосады.

https://www.instagram.com/tv/CXdLn5iF2S8/?utm_medium=share_sheet
https://www.instagram.com/tv/CXdge1UFQP0/?utm_medium=share_sheet
https://www.instagram.com/tv/CXdoMNOF5Bd/?utm_medium=share_sheet

2021 жыл біздің мемлекет тарихында атаулы дата - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін алған күніне 30 жыл толды. Осы атаулы датада мектебіміз Шахтинск қаласының білім бөлімі ұйымдастырған «Еліме алғыс айтамын», «30жылға 30 тілек» жобасына қатысып, мектеп директоры өз құттықтауын білдірді.

https://www.instagram.com/tv/CXXq56jln7k/?utm_medium=share_sheet

Мектеп оқушылары Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында «Менің туым-менің Қазақстаным» атты челленджге белсене қатысты. Аталған челлендж оқушылардың бойына патриоттық сезімді қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған.

https://www.instagram.com/tv/CXddG3HFd6j/?utm_medium=share_sheet

21.12.2021 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында бастауыш 2 сынып оқушылары «Жас Қыран» балалар ұйымына қабылданды. Оқушылардың салтанатты түрде ант беруінен кейін, арнайы галстуктар мен «Жас қыран» төсбелгісі тағылды.

«Жас қыран» балалар ұйымы жас ұрпақтың бойына адамгершілік құндылықтар мен патриоттық рухты қалыптастыру арқылы саналы ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған.

https://www.instagram.com/p/CXv_HNRNvat/?utm_medium=share_sheet

2021 жылғы 24 желтоқсанда «Түнгі қаладағы балалар» науқаны аясында, сондай-ақ «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚРЗ іске асыру мақсатында әлеуметтік педагог Н.Барлыбай және ЮП инспекторы полиция капитаны Д.Н.Шапулатовпен бірлесіп«Түнгі қаладағы балалар» жедел алдын-алу іс-шарасын өткізді. Рейд барысында дүкендерге барып, түсініктемелер беріліп, жадынамалар таратылды

https://www.instagram.com/p/CX5I-hTow_o/?utm_medium=share_sheet

Жалпы жоспарға сай және жоспардан тыс ұйымдастырылған іс-шаралардың барлығы санитарлық талаптарды қатаң сақтау арқылы жүзеге асуда. Оқушыға сапалы білім беріп қана қоймай, сонымен қатар салауатты өмір салтын ұстану арқылы, рухани байлықты бойына сіңдіре білу үшін тәрбиелік мәні бар іс-шараларды жиі ұйымдастыру оқушының жеке тұлға ретінде дамуына зор ықпал етері анық.

Қысқы каникул кезінде оқушылардың бос уақыты мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан балалары-қысқы ертегі» балалардың демалысын, бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша қысқы демалыс кезеңіне іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді.

Мақсаты - қысқы демалыс кезеңінде балалар уақытының тиімді қамтылуын ұйымдастыру,қашықтықтан, оның ішінде қысқы каникул кезеңінде білім алушылардың іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету.

Мектебіміздің әлеуметтік желісінде ата-аналар және оқушылар назарынақысқы каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелері жайлы арнайы даярланған бейне ролик жарияланды. Бейнеролик қысқы каникул кезінде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

https://www.instagram.com/tv/CYHHMo1BtTD/?utm_medium=share_sheet

Балалар шеберлік сыныптары, сәндік-қолданбалы шығармашылық іс-шарасы аясында «Өз қолыңызбен жасалған сыйлық–ең керемет сыйлық!» қолөнер байқауы, «Қысқы ертегі» шығармашылық жұмыстарының онлайн –көрме –байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар өз қолдарымен жасаған дүниелерін ұсынды. Іс-шара онлайн түрде ұйымдастырылып әлеуметтік желіде жарияланды.

https://www.instagram.com/p/CYL44jTtjSB/?utm_medium=share_sheet

Отбасылық іс-шара аясында, «Жаңа жылмен құттықтаймыз, отбасылық тілек сыйлаймыз!» құттықтау бейнероликтері, «Жаңа жыл – отбасылық мереке» фотоколлаж байқаулары онлайн түрде қйымдастырылды. Оқушылар аталған байқауға отбасымен бірге белсене қатысты. Бейнероликтер мен фотоколлаждар әлеуметтік желіде жарияланды.

https://www.instagram.com/tv/CYOycV-hETr/?utm_medium=share_sheet

https://www.instagram.com/sh_9jbbm/p/CYO3EBrNlyQ/?utm_medium=share_sheet

Спорттық іс-шара аясында мектебімізде 5-6 қаңтар күндері оффлайн түрде ұлдар және қыздар арасында «Шынықсаң шымыр боласың!» спорттық іс-шаралары ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/sh_9jbbm/p/CYdH0aRI-p-/?utm_medium=share_sheet

Шығармашылық іс-шаралар аясында «Отбасымен өткізген уақыт-керемет!»өлеңдер байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар аталған іс-шараларға белсене атсалысты.

https://www.instagram.com/p/CYdL8ilIurA/?utm_medium=share_sheet

Қаңтардың 5 күні мектебіміздің 9 сынып оқушыларымен Шахтинск технологиялық колледжі мамандықтар бойынша кәсіби сынама өткізілді. Оқушылар мамандық түрлерімен жете танысып, өздерін толғандырған сұрақтардың жауабын алды.

https://www.instagram.com/p/CYdFZxxITnj/?utm_medium=share_sheet

Қысқы каникул кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді әрі қауіпсіз өткізу мақсатында ұйымдастырылған барлық іс-шаралар, оқушылар, ата-аналар және ұстаздар белсене атсалысты.

Елімізде болған қаңтарайының бірінші онкүндігі біздің еліміз үшін тарихи күндер болып табылды. Қазақстан тарихында орын алатын- елді дүр сілкіндірген қаңтар оқиғасы барша халықты толғандырғаны анық.

2022 жылдың қаңтар айындағы қайғылы оқиғаны дұрыс қабылдауын оқушыларымызға түсіндіру, лаңкестік- жауыздық екенін айқын аша отырып, бейбіт өмір мен береке бірліктің арқасында ғана еліміздің өркендеуіне жол ашатынымызды түсіндіру мақсатында, сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарын ұйымдастырудағы басты мақсат- оқушылардың бойындағы патриоттық сезімді ұлғайту, жерге, елге деген сүйіспеншілікті сақтау болып табылады.

https://www.instagram.com/p/CY4Nt-iN6jk/?utm_medium=share_sheet

9-11 сынып оқушылары «Қоғамда ең бастысы - бірлік пен бейбітшілік» тақырыбында эссе жазды

https://www.instagram.com/p/CY36g3BtP1_/?utm_medium=share_sheet

Мектебімізде «Адал ұрпақ» жобасы аясында оқушыларымызды адалдыққа, парасаттылыққа, адамгершілік қасиеттерді ұстануға жетелеу мақсатында, қаңтар айының 25-26 күндері 7-11 сыныптар арасында «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Аталған іс-шара оқушыларымызды адалдыққа жетелеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруына жол ашады.

https://www.instagram.com/p/CZMCDzXNZPl/?utm_medium=share_sheet

Мектебіміздің Өзін-өзі басқару ұйымы 26.01.2022ж 7-8 сынып оқушыларына "Фасфуд тағамдары және оның адам ағзасына зияны" тақырыбында әңгімелесу өткізді. Мақсаты: фасфуд өнімдерінің зияндығын ескерту салауатты өмір салтын ұстану. Аталған әңгімелесуде оқушылар бейнероликпен танысып, өз ойларын ортаға салды. Барша оқушының таңдауы- салауатты өмір салтын ұстану!

https://www.instagram.com/sh_9jbbm/p/CZL9aksNh1O/?utm_medium=share_sheet

28.01.2022 жылы мектеп инспекторы полиция капитаны Е.К. Сердалин, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.О.Біржікен мен бірлесе, «№ 9 жалпы білім беретін мектебі» КММ 9-11 сыныптар аралығында «Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылыксызбен қатыгездіктің» (буллинг) алдын алу тақырыбында лекция жүргізді.
https://www.instagram.com/p/CZQ6gXZt4BQ/?utm_medium=share_sheet

«Адал Ұрпақ»Бағдарламасын жүзеге асыру аясында оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілікке тәрбиелеу мақсатында мектептегі Өзін-өзі басқару фракциясының мүшелері «Сыбайлас жемқорлықтың қоғам мен мемлекет үшін салдары» тақырыбын талқыға салды . Аталған іс-шараны өткізуге Өзін-өзі басқару ұйымының өкілдері белсене қатысты

https://www.instagram.com/p/CZuKLHRNqyy/?utm_medium=share_sheet

Директордың ТЖ жөніндегі орынбасары Э.Біржікен және әлеуметтік педагог Н.Барлыбай ақпан айының екінші аптасында 5-6 сынып оқушыларымен «Мектептегі тәртіп бұзушылық және оның жауапкершілігі» тақырыбында әңгімелесу жүргізілді. Әңгімелесу барысында оқушылардың тәртібі және өзін-өзі ұстау әдептері қозғалып, тәртіп бұзушылықтар жасайтын оқушылардың жауапкершіліктері туралы айтылды. Оқушылар қандай жағдайда мектепішілік есепке алынуы мүмкін екенін таныстырды.

https://www.instagram.com/p/CZvshOtt6R6/?utm_medium=share_sheet

2022 жылғы 9 ақпан күні ақиық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай, 10 сынып оқушысы Ханатбай Еркеназ ақынның өлеңдері мен әндері арқылы оқушыларды әсемдікке, елжандылыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің сырын ашу сәлемін жолдады.«Ғасыр ақыны» атанған Мұқағали жырлары жылдан -жылға, ғасырдан- ғасырға жалғаса бермек! Мұқағали-мәңгілік өмір!

https://www.instagram.com/tv/CZwNsDvFlea/?utm_medium=share_sheet

Мектеп психологы А.Баисова ақпан айының екінші аптасында«Бала және оның құқығы» тақырыбында ақпараттық сағатын өткізді.

Мақсаты: Оқушыларға заң білімі саласынан мағлұмат бере отырып, өз құқықтарын жете білуге, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге үйрету, құқықтық білімдерін толықтыру.

Адамгершілік, адалдық, әділдік пен мейірімділікке баулу арқылы саяси саналығы мен таным белсенділігін арттыру.

https://www.instagram.com/p/CZzDTULNElT/?utm_medium=share_sheet

Оқушыларға кәсіби бағдар беру және болашақ мамандығын анықтап алуға ықпал жасау мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі. Мамандық таңдау – бұл күрделі әрі ұзақ процесс.Мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар берудің міндеті: оқушыларға мамандықтардың қойылатын талаптары туралы барынша ақпараттандыру; мамандық таңдаудың әлеуметтік маңызды

мотивтерін қалыптастыру; кәсіптік бағдар беру үшін мектеп оқушыларының қызығушылықтарын зерттеу; кәсіптік кеңестер жүргізу, оқушыларға олардың белгілі бір жұмыс түрлеріне байланысты олардың қабілеттері мен қасиеттерін бағалауға көмектесу.Осы мақсатта «Мамандармен кеңесу» тақырыбында оқушыларымыз бейнеролик даярлады. Аталған іс-шара

оқушылардың мамандық таңдау барысынына ықпал ететін, кәсіби бағдарды насихаттайтын іс-шара болып табылады.

https://www.instagram.com/tv/CZ1YwIIFpXw/?utm_medium=share_sheet

11 ақпан күні әдеби афиша күні болып белгіленіп, аталған тақырыпта іс-шаралар ұйымдастырылды.

Мектебіміздің ұстаздары оқушыларға «Ұлы көштің басталуы - қазақ хандығы» туралы тарихи сахналық қойылым көрсетті. Әдеби-жариялымдық сахналық қойылымның мақсаты қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы тарихына шолу жасау арқылы оқушылардың ұлттық патриоттық сезімін арттыру.

https://www.instagram.com/tv/CZ1bIrLl8SS/?utm_medium=share_sheet

Мектебімізде 2022 жылғы 7-11 ақпан аралығында Құқықтық сауаттылық апталығы ұйымдастырылды.

«Құқықтық сауаттылығы апталығы» аясында мектебіміздің 5 сынып оқушыларымен «Біз оқушыларға арналған ережелерді қалай орындаймыз?» тақырыбында сынып сағаты өткізілді

https://www.instagram.com/p/CZrCGg4tF_1/?utm_medium=share_sheet

«Сен және құқық» стартап құқықтық жобалар байқауы өткізілді

https://www.instagram.com/tv/CZrKz_tFj8R/?utm_medium=share_sheet

«7 сынып оқушыларына Толеранттылық бейбітшілікке апаратын жол» тақырыбында баяндама оқылды.

https://www.instagram.com/tv/CZrZhPGl9L7/?utm_medium=share_sheet

«Құқықтық сауаттылығы апталығы» аясында оқушылар арасында суреттер конкурсы өткізілді

https://www.instagram.com/p/CZrovAaND1u/?utm_medium=share_sheet

8 сынып оқушыларымен «Әкімшілік құқық бұзушылық дегеніміз не?» тақырыбында сынып сағаты өткізілді

https://www.instagram.com/tv/CZrpm6vlVV8/?utm_medium=share_sheet

6 сынып оқушыларымен «Менің отбасымдағы құқығым мен міндеттерім» тақырыбында бейнероликтер байқауы ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/tv/CZtRrbFlFWu/?utm_medium=share_sheet

11 сынып оқушыларымен шығармашылық (эссе) жұмыстар байқауы өткізілді

https://www.instagram.com/p/CZtg3jPtNzK/?utm_medium=share_sheet

Бала құқығы тақырыбында танымдық сабақтары өткізілді. Сабақтың мақсаты Бала құқықтарын насихаттау

https://www.instagram.com/p/CZvXTpWNCis/?utm_medium=share_sheet

Құқықтық сауаттылық апталығы аясында 4 сынып оқушыларымен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер» тақырыбында

танымдық сағаты өткізілді. Сабақтың мақсаты оқушыларға мемлекеттік рәміздердің аса маңызды екенін, оны құрметпен мақтан тұту керектігін ұғындыру, ой өрісін кеңейту. Ойлау, сөйлеу қаблеттерін дамыту.

https://www.instagram.com/p/CZzH4sutp7E/?utm_medium=share_sheet

Құқықтық сауаттылық апталығының 6 күні апталық қорытындысы шығарылды. Барлық іс-шараларға белсенді қатысушылар мадақтамалармен марапатталды.

https://www.instagram.com/p/CZ3hq9utPb_/?utm_medium=share_sheet

Мектебімізде күнделікті бірінші сабақ алдында сергіту сәттері ұйымдастырылып тұрады. Сергіту сәтін ұйымдастырудағы негізгі мақсат- оқушылардың сабақ алдында сергуі, салауатты өмір салтын ұстану.

https://www.instagram.com/tv/CZ1iQFllPjp/?utm_medium=share_sheet

Шахтинск ІІБ ЖПҚБ кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлар тобы полиция капитаны Е.К.Сердалин, полиция капитаны Д.Н.Шапулатов және жол патрульдік полиция инспекторларымен бірлесіп мектептің әлеуметтік педагогы Н.Барлыбай оқушыларымен 14-23 ақпан аралығында «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» тақырыбында Республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CaB-JUHNZQp/?utm_medium=share_sheet
https://www.instagram.com/tv/CaUKNFflsnG/?igshid=MDJmNzVkMjY=

2022 жылғы 15 ақпан күні мектебіміздің ұл балалары үшін "Ерлік" сабағымен басталды. Мектеп оқушыларымен сабақ өткізуге 6505 әскери бөлімі 2 атқыштар батальонының қызметкері лейтенант Б.Жолдас, курсанттар Қ.Байдибеков және С.Қамбаров келді. «Асқақ елдің айбынды ұланымыз» ерлік сабағы балаларды еліне, Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне деген патриоттық және мақтаныш сезімін ояту, рухани дамыған, адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеу сынды мақсаттарды көздеді. «Қарулы Күштер қатарында қызмет ету Қазақстанның әр азаматының құрметті міндетіне, аға ұрпақтың батырлық және жауынгерлік дәстүрлеріне негізделген патриотизмнің өзі» -деп Б.Жолдас оқушыларды елін құрметтеуге және Отанды аянбай қорғау ерлік екенін атап көрсетті. (Қамту 40 оқушы)

https://www.instagram.com/p/CaTmFKKtFEW/?utm_medium=share_sheet

Мектебімізде 2022 жылғы 15 ақпан күні Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылған күніне орай Ауған соғысының ардагерлері Еркин Хамитович Калиев пен Сергей Иванович Горбачевпен кездесу - кеші өткізілді. Іс-шараның мақсаты оқушыларға Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру, ардагер ағалармен ашық әңгімелесу, сұхбаттасу, өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету. Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу, оқушыларға патриоттық тәрбие беру.

https://www.instagram.com/p/CZ_Yw3wt3Kk/?utm_medium=share_sheet

Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылған күніне орай мектеп оқушыларына деректі фильмдер көрсетілді.

https://www.instagram.com/p/CZ_hKeuN0po/?utm_medium=share_sheet

Ақпан айының 21 күні мектебіміздің 5-8 сыныптар арасында «Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі» тақырыбында директордың ТЖ жөніндегі орынбасары Э.Біржікен, мектеп психологы А.Баисова, әлеуметтік педагог Н.Барлыбай, медбике Г.Бурибаева қыздар жиналысы өткізілді. Жиналыстың мақсаты қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани -адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту. Жеке бас гигиенасын сақтауға, әдепсіздік жолына түспеуге тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/CaPh2cCtvPN/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Балалар жылының ашылуына орай мектеп оқушыларымен бірнеше іс-шаралар ұйымдастырылды

-«Балалар- еліміздің болашағы» тақырыбында әңгімелесу, сынып сағаттары ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/CaCRIulN8lo/?utm_medium=share_sheet

-бастауыш сынып оқушылары арасында «Бақытты балалық шақ» суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/tv/CaCS3BZlY-u/?utm_medium=share_sheet

- 7 сынып оқушыларымен «Балалардың күлкісі- көркі, сәні әлемнің» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CaCT7fYNAv1/?utm_medium=share_sheet

Мектебімізде салауатты өмір салтын ұстану мақсатында таңертеңгі сәтте үнемі сергіту сәттері жасалып тұрады. Үздік сергіту сәттері мектебіміздің әлеуметтік желісінде жарияланып тұрады.

https://www.instagram.com/tv/CaCV8VnFrHO/?utm_medium=share_sheet

Абай атамыз «Адамның бір қызығы бала деген» десе, баланы әркез отбасының ұйытқысына, ұрпақ жалғастығына санаған халқымыз «Ана – үйдің берекесі, бала – үйдің мерекесі» деп бағалаған. Ата – ананың ең үлкен бақыты – баласының жақсы азамат болып өсуі болса, мемлекет пен қоғамның да басты мақсаты – елге ие болатын білімді де Отаншыл ұрпақ тәрбиелеу.Біз қай заманда да білімге құштар, жақсылыққа ұмтылған халық ұрпағымыз. Балаларымызға сапалы білім бере отырып, өз Отанын жүрегімен сүйіп, қастерлей білетін азамат ретінде тәрбиелеу–келешегіміздің кемел болуының айғағы. Мектебіміздегі «Балалар жылының» ашылу салтанатына «Шахтинск қаласы жастарының ресурстық Орталығы» КММ басшысы Жасулан Тиштыкович Хамитов келіп мектеп оқушыларын бір қуантты. Жасулан мырза Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында биыл «Балалар жылы» болып белгіленгенін айтып, балақайларды құттықтады. Оқушылармен жетістікке жетудің жолдары, еріктілердің қызметі мен жаз айларында балалардың «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша жұмыстар атқару туралы, «QAIYRYMDY ŪRPAQ» қайырымдылық акциясы, Шахтинск аймағында жалғыз басты қарт адамдар, ҰОС ардагерлері, тыл еңбеккерлері, мүгедектер үшін аулаларды қардан

тазалау бойынша «Снежная вахта» облыстық акциясына оқушыларға да қатысуға болатынын түсіндіріп өтті. Оқушылар өздерінің жылы лебіздерін білдіріп алдағы уақытта жарқын кездесулерде қайта күтетіндерін айтты.

https://www.instagram.com/p/CaTu-v4tXJW/?utm_medium=share_sheet

1-наурыз «Театр күніне» орай мектебіміздің оқушылары үш тілде сахналық қойылым көрсетілді. Мақсаты- оқушыларды сахна мәдениетімен таныстыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау, патриоттық сезімге баулу. (Қамту 25 оқушы)

https://www.instagram.com/tv/Cawl5oLF5Ks/?utm_medium=share_sheet
https://www.instagram.com/tv/CawndXBlzSN/?utm_medium=share_sheet
https://www.instagram.com/tv/CazKEHWFgaX/?utm_medium=share_sheet

1-наурыз «Алғыс айту күніне» орай мектеп оқушыларымен «Күшіміз бірлікте» тақырыбында эссе байқауы өткізілді (Қамту 50 оқушы)
https://www.instagram.com/p/CaWiBt0tfvU/?utm_medium=share_sheet

Алғыс – адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай — ақ оның ойы мен іс — әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі. Осы мерекеге орай, сыныптар арасында «Алғыс айту-парызым» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. (Қамту 205 оқушы)
https://www.instagram.com/p/CahCgsftuuc/?utm_medium=share_sheet

«Алғыс айту күніне» мектеп кітапханасында көрме ұйымдастырылды (Қамту 50 оқушы)
https://www.instagram.com/p/CajpzadtKNq/?utm_medium=share_sheet

«Алғыс айту күніне» орай бастауыш сыныптар арасында суреттер көрмесі ұйымдастырылды (Қамту 85 оқушы)
https://www.instagram.com/p/Cajq8SxtVTi/?utm_medium=share_sheet

«Жас сарбаз» жастар қозғалысының белсенділігін арттыру және әскери патриоттық тәрбие беру мақсатында наурыз айының бірінші апталығында оқушыларға әскери білім туралы деректі фильмдер көрсетілді.

Әскери-патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты жастарды өз отанының адал патриоты болуға тәрбиелеу . Бүгінгі жастар отанымыздың келешегі, сондықтан олармен санасу, пікірін тыңдау қоғамға белсене араласуына көмектесуіміз қажет болып саналады.

https://www.instagram.com/p/Ca3tXDutSyP/?utm_medium=share_sheet

Кәсіби бағдар беру аясында мектеп оқушылары Қазтұтынуодағы Қарағанды Университетінің «Бизнес,құқық және технология» факультеті ұйымдастырған қала мектептерінің арасында І қалалық туристтік квест ойынына қатысып, ІІІ орын иеленді.

https://www.instagram.com/p/CbFd-K2tVJd/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Бала тәрбиесіндегі қазақтың бір озық үлгісі – әже мектебі. Адамның адами болмысы мен асыл қасиеттері отбасында қалыптасады. Отбасында алған үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие арқылы ғана еліне, жеріне, Отанға деген сүйіспеншілік сезім орнығады. Ал отбасындағы басты құндылық ұлттық тәрбие деуге болады. Сол ұлттық тәрбиенің дәнін себуші жандардың бірі – әжелер екені даусыз. Әже тәрбиесі арқылы бала жақсы мен жаманды

ажыратып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді үйренеді. өз ұлтының ұлылығын ұрпақ санасына сіңіретін, тілі мен ділін дарытатын қазақы тәрбиенің бастауы – «Әжелер мектебі». Осы орайда «Наурыз мейрамы» қарсаңында, «Әжелер жобасы» аясында мектеп оқушылары ата мен әжемізден қалған қасиетті салт-дәстүрлерімізді насихаттады.

Әз-Наурыз мейрамын атап өтуге байланысты мектеп оқушыларды салт дәстүрлерді насихаттады. Соның бірі - балаға есім қою салты (Қамту 15 оқушы)
https://www.instagram.com/tv/CbJq0jyliM6/?utm_medium=share_sheet

Наурыз мерекесін атап өту аясында бастауыцш сынып оқушылары арасында «Жеті атамды білемін» челленджі ұйымдастрылды. (Қамту 25 оқушы)
https://www.instagram.com/p/CbKTWhUsckj/?utm_medium=share_sheet
https://www.instagram.com/p/CbKV7PHls-0/?utm_medium=share_sheet

Әз-Наурыз мейрамына орай мектебізде бастауыш сыныптар арасында Ұлттық ойындардан сайыстар өткізілді (Қамту 120 оқушы)

https://www.instagram.com/p/CbMczPbsCqq/?utm_medium=share_sheet

Парламент палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жолдады.

Мектебіміздің ұжымы тікелей эфирде Мемлекет басшысының Жолдауын тыңдады. Жолдауда ұсынылған реформаларды мұқият тыңдап, еліміздің жаңа қарқында дамуына зор сенім білдірді.

https://www.instagram.com/p/CbKC8gxNxq4/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 9 жалпы білім беретін мектебі» КММ тарих пәнінің мұғалімі Қ.Ж.ЖунусовҚазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кезекті Жолдауына пікірін білдірді.

https://www.instagram.com/p/CbKEXZEtY9O/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Демалыс – бұл әр мектеп оқушысы ансап күткен уақыт, өйткені бұл оқу жылында демалуға арналған мүмкіндік. Мектеп оқушылары үшін демалыс өте қызықты, әрі көңілді өтуде. Демалыс кезінде мәдени-сауықтыру шаралар ұстаздар және оқушылар тарапынан бірдей деңгейде үлкен жауапкершілікпен атқарылды. Мұражайларға саяхат, спорттық шаралар, мәдени шаралар арқасында демалыс уақыты оқушылардың бос уақытын қалдырмай, олардың мектептен тыс өміріне үлкен үлесін қосады. Мектеп оқушылары Шахтинск қаласының ауылшаруашылық бөлімімен және Жастар Орталығымен бірлесе «Қайырымды істер марафоны» іс шарасына қатысты. Мәдениет үйінде өткізілген барлық іс-шараларға оқушылар белсенді ат салысты. Мәдени іс шаралардан оқушылар жақсы әсермен қайтып, демалыс көңілді өтіп жатқанымен бөлісті
https://www.instagram.com/p/CbuQe3WNpKS/?utm_medium=share_sheet

Оқушылар өздерінің көктемгі демалысын сипаттау мақсатында, «Демалыстағы бір күнім», «Бақытты отбасы», «Біз бақытты ұрпақпыз» тақырыбында суреттер салып, өз әсерлеімен бөлісті.
https://www.instagram.com/tv/CbuPpzGF0XL/?utm_medium=share_sheet

Орта буын оқушылары өздерінің демалыс кезіндегі барған мәдени орталықтары, ойын-сауық орталықтары, театр т.б. бос уақытты тиімді өткізетін жерлердегі қызықтарымен бөлісті,оқушылардың демалыс кезіндегі қызықтары әлеуметтік желіде жарияланды.
https://www.instagram.com/p/CbuMLe-NQdU/?utm_medium=share_sheet

Демалыс кезіндегі оқушылардың денсаулығы, қауіпсіздігі ең басты мақсат болып саналады. Көктемгі каникул кезінде оқушыларға қауіпсіздік ережелерін ескерту мақсатында ЗУМ платформасы арқылы жиналыстар өткізілді. Денсаулыққа зиян келтіретін жағдайларды болдырмау мақсатында өрттен сақтану, көшеде жүру ережелерін қатаң сақтау, ересек адамдарсыз қаладан тыс жерлерге жалғыз шығуға тыйым салынғаны туралы ақпараттармен оқушылар таныстырылды.
https://www.instagram.com/p/CbuLkHENkPZ/?utm_medium=share_sheet

Оқушылардың көктемгі демалыс сәттерінде өз уақытын тиімді пайдалану мақсатында түрлі іс-шаралар атқарылды. Мәдени орталықтарға бару, ардагерлерге қол ұшын беру арқылы көмектесу, жастар орталығымен бірлесе жұмыс жасау тәрізді ұйымдастырылған іс-шаралар оқушыларға демалыс уақытын көңілді әрі қауіпсіз өткізуге бірден-бір мүмкіндік болды. Аталған іс-шаралар әлеуметтік желіде жарияланды.

2022 жылдың 7 сәуірі күні кәсіби бағдар аясында 9 сынып оқушыларымен Абай көпсалалы колледж мамандары іс-шара өткізді. Аталған іс-шараның басты мақсаты оқушылардың мамандық таңдауында септігін тигізетін, мамандық атауларымен танысу болып табылады.
https://www.instagram.com/p/CcCipAftQ7Q/?igshid=MDJmNzVkMjY=

7-сәуір Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ - ел болашағы» тақырыбында 3-4 сыныптар арасында флешмоб ұйымдастырылды. Оның мақсаты балаларды салауатты өмір салтын сақтауға насихаттау.

8-сәуір «Хайуанаттар бағын жақсы көру күніне» орай, мектеп оқушылар Қарағанды қаласындағы «Хайуанаттар бағына» ат басын тіреді. Оқушылар жақсы әсермен серуендеп келді. Аталған іс-шара мақсаты оқушыларды жануарларға деген қамқорлыққа баулу болып табылады.
https://www.instagram.com/tv/CcGB5rrlgIj/?igshid=MDJmNzVkMjY=

08.04.22 жылы Жас сарбаз патриоттық клубы жұмысының іс-шаралар жоспарына сай, Жеңісов Р.М «Қазіргі заманның қаһарманы» тақырыбында 9-10 сынып оқушыларына Шахтинск қаласы прокуратурасының аға прокуроры, кіші әділет кеңесшісі болып қызмет атқарған, казіргі уақытта зейнеттегі, Нұрдәулет Қарасартовпен кездесу ұйымдастырды. Кездесудің басты мақсаты: оқушылардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, азаматтыққа және патриотизмге тәрбиелеу, өз Отанын , Қазақстан Республикасын сүю, Отан мүддесін қорғау бойынша азаматтық парызын орындауға дайын болуға тәрбиелеу.

Карасартов Н.М 2020 жылдың тамыз айында қызметтік борышын орындау кезінде көрсеткен батылдығы, жанқиярлығы мен ерлігі үшін «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалімен және де бағалы сыйлығымен марапатталған. Оны «Қазіргі заманның қаһарманы»

деуге болады. Балаларға мамандығы туралы айта отырып, еңбек жолында алған марапаттау қағаздарын, медальдар мен сағатын көрсетті. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, ойларымен бөлісті. Кездесу жоғары деңгейде өтті. Оқушылар аталған кездесуден мол әсер алып, өз алғыстарын білдірді.

https://www.instagram.com/p/CcN8rgltkFZ/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Жерді қоршаған бүкіл дүние – Әлем немесе Ғарыш деп аталады. Ғарышқа жол 1957 жылы 4 қазанда ашылды. Бұл күні бұрынғы Кеңес Одағының Жердің жасанды серігі ұшырылды. Ал 1961 жылы 12 сәуірде адам баласы тарихында бірінші рет Ю. А. Гагарин ғарыш кемесімен Жер шарын айнала ұшты. 12 сәуір тарихқа «Ғарышкерлер күні» деген атпен енді.

9 «Б» сыныбында «12 сәуір - Ғарышкерлер күніне» арналған тәрбие сағаты өткізілді, 7 сынып оқушыларымен сынып сағаттары өткізілді

https://www.instagram.com/tv/CcPlHXNFS9U/?igshid=MDJmNzVkMjY=

https://www.instagram.com/tv/CcPRf1HlTqv/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Мектеп кітапхашысымен бірлесіп 5 «Б» сынып оқушыларымен «Ғарышкерлер күніне» орай, мектеп кітапханасында дөңгелек үстел өткізілді

https://www.instagram.com/p/CcPTH9RtZfM/?igshid=MDJmNzVkMjY=

«12 сәуір – Халықаралық авиация және ғарышкерлер күніне» орай, бастауыш сынып оқушылары ракеталар макеттерін жасап, суреттер көрмесі ұйымдастырылды және 3-4 сыныптар арасында ойын өткізілді

https://www.instagram.com/p/CcPYpQwMqpK/?igshid=MDJmNzVkMjY=

https://www.instagram.com/p/CcPdHnvNo5_/?igshid=MDJmNzVkMjY=

https://www.instagram.com/tv/CcPiEVsFF-z/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Сонымен қатар, атаулы күнге орай, мектеп оқушыларымен «Ғарышқа түрен салған қыран қазақ» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Аталған дөңгелек үстелде қазақ ғарышкерлері туралы біраз ақпараттар айтылды.

https://www.instagram.com/p/CcPgpkDtT9c/?igshid=MDJmNzVkMjY=

https://www.instagram.com/p/CcPhgFLtgLB/?igshid=MDJmNzVkMjY=

«Адал ұрпақ» жобасы аясында мектеп оқушылармен сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында «Сананды сақта жас ұрпақ» тақырыбында дәріс өткізілді. Мақсаты: оқушыларды адал жолмен жүруге, адалдыққа үйрету. Сыбайлас жемқорлық туралы мағұлматтар беру. Өз мемлекетіне адал болу және әділдікке тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/CcSNkXTNTrW/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Кәмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру, отбасылық және адамгершілік-рухани құндылықтарды арттыру, кәмелетке толмағандарды полиция жұмысымен таныстыру және қауіпсіздік шараларына оқыту мақсатында 2022 жылғы 11-15 сәуір аралығында Шахтинск қаласының аумағында «Мен және менің полицейім» акциясы өтуде. Акция аясында мектептің 9-10 сынып оқушылары Полиция бөлімінің мұражайы, жедел қызмет тобының, тергеу тобының, криминалист тобының жұмысымен таныстырылды. Мұражай полиция қызметкерлерінің 60 жылдардан бастау алған тарихын, мәдени және спорт саласындағы

жетістіктері мен қызметтегі ерліктерін, Елбасымыз бен полиция ардагерлерінің өмірінен сыр шертетін экспонаттар мен фотостендтер және мемлекетіміз үшін құнды кітаптарды сақтап, оны келер ұрпаққа дәріптеуде маңызы зор. Тәртіп сақшылары қылмыскерлерді құрықтау кезінде болатын іс-әрекеттермен, елімізде белең алып отырған ғаламтор алаяқтарымен күрес және Қылмыстық кодекс баптары туралы маңызды мәліметтер беріп, үлкен өмірге қадам басып келе жатқан жас буынды заң ережелерін бұзбауға шақырды. Полиция қызметкерлері оқушыларға арнайы құралдар, арнайы киім жасақтары мен оқу каруларын, оның ішінде тапаншалармен таныстырды. Криминалистің жұмысымен полиция капитаны Сулейменов Медет Мухтарович,КПБ жедел уәкілі полиция лейтенанты Зияда Дінмұхамед Галиұлы, жауынгерлік киімдер және арнайы құралдармен кәмелетке

толмағандар ісі жөніндегі инспекторлар тобы полиция капитаны Дүйсебай Шапулатов, полиция аға лейтенанты Шырын Спатаева таныстырды.

Шара соңында оқушылар өздерінің көптеген көкейтесті сұрақтарына тиісті жауаптарын алып, қызығы мен шыжығы таусылмайтын, жауапкершілігі мол бұл салаға қызуғышылықтарын білдіріп, осы бағыттағы шаралар әлі де жалғасын табатынына тілектесіп, полиция қызметерлеріне алғыстарын білдірді.

https://www.instagram.com/tv/CcS6FPqF1IP/?igshid=MDJmNzVkMjY=

2022 жылдың 14 сәуірі күні Бұқар Жырау атындағы орталық кітапхананың қызмет көрсету бөлімінің оқу залы қызметкері мектебіміздің

9 сынып оқушыларымен биылғы жылы 15 сәуірде 100 жыл толып отырған көрнекті қаламгер, драматург, Қазақстанның халық жазушысы Сафуан Шаймерденовке арнап шығармашылық пікір алмасуын өткізді.

Іс-шара барысында Сафуан Шаймерденовтің өмірі мен шығармашылығына тереңірек тоқталып, тұшымды ойлар айтылды, сол тақырыптағы арнайы видеороликтер тыңдалынып, бұл атаулы мерейтой иесінің «Жұлынбаған қызғалдақ» әңгімесі оқылып, сол бойынша оқушылармен шығарманы талқылай келе, пікірлер алмасты.

https://www.instagram.com/p/CcVLEeUt3SW/?igshid=MDJmNzVkMjY=

«Адал ұрпақ» жобасы аясында, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында Өзін-өзі басқару ұйымының ақпарат фракциясы Ханатбай Еркеназ «Жемқорлықсыз Ел-Гүлденген Ел» тақырыбында бейнеролик әзірледі. Мақсаты жас ұрпақты адалдыққа баулу.

https://www.instagram.com/p/CcfKzxLNk87/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Кәсіби бағдар аясында Шахтинск технологиялық колледжінің ұйымдастыруымен қаламыздың 9 сынып оқушыларына арналған «Кондитерлік ісі» мамандығы бойынша шеберлік сыныбы өткізілді. Аталмыш іс-шара болашақ түлектердің мамандық таңдауына бағыт көрсететін жол

https://www.instagram.com/p/CcfKzxLNk87/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін салауатты өмір салты, адамгершілік және экологиялық жауапкершілік экологиялық білім берудің экологиялық аптасы аясында, оқушылармен «Табиғат - біздің ортақ үйіміз»

тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатында сынып жетекшілер оқушылармен экологиялық проблемалар мен қоршаған ортаны қорғау туралы ақпараттарды оқушыларға түсіндіріп өтті. Сабақ соңында оқушылар Табиғаттың суреттері мен құстарға ұяшықтар жасап, адамның экологияны қорғаудағы адамның рөлі туралы пікірлерімен бөлісті.

https://www.instagram.com/tv/CchkNyDljUw/?igshid=MDJmNzVkMjY=
https://www.instagram.com/p/CchmUyntqto/?igshid=MDJmNzVkMjY=
https://www.instagram.com/p/CcnU84MNR6b/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Халықаралық Жер күні 2009 жылдың 22 сәуірі күні Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 63-інші сессиясында бекітілді. Халықаралық Жер күні 2010 жылдың 22 сәуірінен бастап жыл сайын аталып өтеді.Халықаралық бұл күннің жария етілуі Жер мен оның экожүйесі адамзатқа өмірді қамтамасыз ететін біздің ортақ үйіміз екенін мойындау.

Осыған байланысты, мектеп оқушылары арасында «Жер-ортақ үйіміз» тақырыбында суреттер көрмесі өткізілді.

https://www.instagram.com/p/Cco_CaUtes-/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Табиғат - Ананы қорғауға, елін, жерін сүюге, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру, Құстарға қамқорлық жасауға баулу, табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу мақсатында,«Балалар жылы», «22-сәуір Дүниежүзілік Жер күні» аясында мектеп оқушылары құстарға ұяшықтар жасап, оларды мектеп ауласындағы талдарға ілді.

https://www.instagram.com/tv/CcpQkcEFg52/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Адамзат баласын қоршаған ортаны қорғауға шақыратын мереке аясында мектеп оқушылар мен ұстаздары мектеп айналасына тазалық жұмыстарын жүргізді. Тал егіп, былтыр отырғызылған шыршаларды суарып, абаттандыру-гүлдендіру жұмыстарын жүргізді. Табиғатты аялау мақсатында өткен іс шараға оқушылар белсенділікпен қатысты

https://www.instagram.com/tv/CcpLsIAlxL2/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Мектептің Өзін-өзі басқару ұйымының" мүшелері «Дүниежүзілік Жер күні» аясында экологияны ластамауға, табиғатты қорғауға шақырып 30 түп тал екті.

https://www.instagram.com/p/CcpQW5iNteX/?igshid=MDJmNzVkMjY=

22 сәуір - Дүниежүзілік Жер күні аясында «Жер-ортақ үйіміз» акциясы барысында, оқушылардың табиғатқа деген адамгершілік қатынасын, жер бетіндегі барлық тіршілік үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында, мектеп оқущылары «Іңкәрім» балабақшасының ауласына тазалау жұмыстарын жүргізді. Іс-шара «Жер деген жылы атпен планетаға қамқорлық жаса» атты ұраннан бастау алды. Осындай игі шараларға қатысу оқушылар үшін жақсылық жасай білу іскерліктерін қалыптастырады.

https://www.instagram.com/p/CcpT6j9tl80/?igshid=MDJmNzVkMjY=
https://www.instagram.com/p/CcphZcYtOHP/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Жер-Ана күніне орай, мектептің математика пәнінің мұғалімі Мустафина И.Б. сабақты экология тақырыбымен сәйкестендіріп ұйымдастырды. Сабақ қызықты әрі жоғары деңгейде өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CcpijmFtcqG/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен өткен «Таза қала - таза Планета» қалалық акциясына мектебіміздің Өзін-өзі басқару ұйымының Президенті Кансейтов Тамерлан және фракция мүшелері Ташмуратов Саят, Дюсенбай Тамерлан ат салысты

https://www.instagram.com/p/CcpjoAAtdu3/?igshid=MDJmNzVkMjY=

«Жер күніне» арналған іс шара өз мәресіне жетті. Мектебіміздің оқушылары мен ұстаздары абаттандыру жұмыстарына ат салысып, іс-шара жоғары деңгейде өтті

https://www.instagram.com/p/CcpkRAONGN9/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Мектептің бастауыш сыныптары арасында «Құстарға қамқорлық», «Құстар біздің досымыз» атты акциялар өткізілді. Акцияда кішкентай балғындар құстарға ұя жасап, іштеріне тамақтар салды

https://www.instagram.com/p/CcsFCSrludJ/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Кітап – адам баласы ақыл-ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал, білім мен тәрбие көзі. Ол – адамзат жасаған ең ұлы кереметтердің бірі. Бүгін 23 сәуір – Халықаралық кітап және авторлық құқық күні.

Осыған орай, мектеп кітапханасында оқушыларға арнай шара өткізіліп, кітаптар көрмесі ұйымдастырылды

https://www.instagram.com/tv/CcrbtGcIx9E/?igshid=MDJmNzVkMjY=

https://www.instagram.com/p/CcxJ_Gatymg/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Бала тәрбиесіндегі қазақтың бір озық үлгісі – әже мектебі. Мектебімізде «Әжелер мектебі» жобасы аясында іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады, негізгі мақсат оқушыларға ұлттық салт-дәстүрді насихатау.

https://www.instagram.com/tv/CcwuzcjFAIb/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Оқушылар сарайы ұйымдастыруымен Шахтинск қаласының мектептері арасында Өзін-өзі басқару Президенттерінің қатысумен өткен «Минута славы» қалалық фестивалінемектебіміздің Өзін-өзі басқару ұйымының Президенті қатысып, марапатталды.

https://www.instagram.com/p/CcxIIfat8Mv/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Қазақстан аумағында тұрып жатқан 150-ден астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің киелі қара шаңырақта тату-тәтті өмір сүруі үшін береке мен ынтымақ, бірлік пен бейбітшілік аса қажет. Сондықтан бұл мейрамның маңызы зор. Бұл күні Қазақстан Республикасында тұратын халықтарды бірлікке, ынтымаққа ұйытатын мерекелік шаралар өткізіледі. Қазақстан — көп ұлтты мемлекет. Елде 150-ден астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір тудың астында тату-тәтті ғұмыр кешуде. Осыған байланысты, мектептің сыныптары арасында «Бір шаңырақ астанда» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді

https://www.instagram.com/p/CcxQwIxtaCg/?igshid=MDJmNzVkMjY=

«Бірлік болмай тірлік болмас» деген атам қазақ. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. 1 мамыр ынтымақ пен бірлік күні ретінде тойланып келеді. «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерек. Осы мереке аясында 9 сынып оқушыларымен «Қазақстан көп ұлтты достық мекені» тақырыбында

әр түрлі ұл өкілдерінің салт дәстүрлерін насихаттау мақсатында викторина өткізілді

https://www.instagram.com/p/CcxSz2dNGhB/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Көптеген ұлттардың ортақ шаңырағына айналған Қазақстан бейбітшілік пен келісім арқылы әлемге үлгілік жолды нұсқап келеді. Әйтсе де, ұлтаралық келісім мен дінаралық татулықтың алтын бесігін тербету аяқ астынан туындаған немесе қазақ даласында өздігінен пайда болған дүние еместігі бесенеден белгілі. Мектеп мұражайында 6 сынып оқушыларымен «Бірлігі жарасқан байтақ елім» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді

https://www.instagram.com/p/CcxUCPOt-Te/?igshid=MDJmNzVkMjY=

1 – Мамыр халықтар достығы күніне арналған «Бейбітшілік – ел тілегі» атты тақырыбында іс – шара өткізілді. Оның мақсаты 1 - мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.

Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі - өнегесін оқушылардың бойына сіңіру.

https://www.instagram.com/tv/CczJcSUo0RO/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Мектебіміздің оқушылары салтанатты түрде «Жас Ұлан» қатарына қабылданды.

https://www.instagram.com/p/CczmHvItHHS/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№9 жалпы білім беретін мектебі» КММ педагог-психологы А.Х.Баисова 25.04.2022жылы «Буллинг.Баланың барлық қатыгездіктен қорғалуға құқығы» атты тақырыпта 8 сынып оқушыларымен әңгімелесу, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/Cc15nq0N0qH/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Мектептин дәрігері Спатаева Алия Бахмановна және мектеп медбикесі Гулзира Бурибаева оқушылар арасында «Туберкулездың алдын-алу» тақырыбында профилакикалық дәріс, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында «Дұрыс тамақтану жолдары» тақырыбында ақпараттық дәріс және бастауыш сынып оқушылары арасында «Тазалық-денсаулық кепілі» тақырыбында дәрістер өткізді.

https://www.instagram.com/p/Cc165PnNE3w/?igshid=MDJmNzVkMjY=

«Бұл палата ата-аналар өз балаларының әлеуметтік желілеріне кіруге мүмкіндігі бар деп санайды» тақырыбында турнир аясында парламент форматында қалалық турнир дебатінде мектебіміздің «Мұрагер» командасы II орын иеленіп, Берканатқызы Диана «Үздік спикер» төсбелгісін иеленді.

https://www.instagram.com/p/Cc2PzZENCqz/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Қазақтың байтақ даласы бүгінде 130-дан артық ұлт өкілдеріне ортақ отан болып тұр. Сол себепті де 1 мамыр – халқымыздың бірлігі күні болып есептеледі. Осы мерекенің мақсаты, ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау.

https://www.instagram.com/tv/Cc2T4s5FXrO/?igshid=MDJmNzVkMjY=

«Көп ұлтты, тату елім – Қазақстан» атты челлендж ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/tv/Cc2RJU8lQl6/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру мақсатында  мектептің ТЖ жөніндегі орынбасары Э.О.Біржікен, әлеуметтік педагог Н.Т.Барлыбай және Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлар тобының полиция капитаны Д.Н.Шапулатов пен полиция аға лейтенанты Ш.С.Спатаева оқушылармен дәріс өткізді. Мақсаты қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтары біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/CdFlOG-tutv/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Мектебіміздің оқушылары Буқар - жырау атындығы кітапхананын №2 филиалы мен Шахтинск қалалық архивынын қызметкерлерімен бірлесіп 9 мамырға арналған мерекелік іс- шараға қатысты. Архивтегі құжаттарды көрсетіліп, соғысқа қатысқан жерлестеріміз туралы ақпараттар берілді.

https://www.instagram.com/p/CdIUM8GteGv/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Талғат Бигелдинов қазақ ұландарына Отан қорғаудың өшпейтін өнегелі ізін қалдырған батыр. Ол көк жүзінде қаһарман ерліктердің ерекше үлгісін көрсеткен аты аңызға айналған айтулы тұлға. Бүгінде есімі ел есінде мәңгі қалған Кеңес одағының екі мәрте батыры атағын алған алғашқы қазақ, белгілі ұшқыш Талғат Бигелдиновтың өмірі жолы туралы мектеп мұражайында көрме ұйымдастырылды.

Авиация генерал майоры, Кеңес одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері Талғат Бигелдинов 1922 жылы 5 тамызда Ақмола облысына қарасты Қорғалжың ауданындағы Майбалық деген шағын ауылында дүниеге келген.  Талғат Бигелдинов екі мәрте Кеңес одағының батыры атағын алған тұңғыш қазақ. Екі мәрте Кеңес одағы батыры атағын алған Бигелдинов болмысынан бос жатпайтын, алға қарай ұмтылып тұратын адам болды. Ол сол мінезінің арқасында қосымша Мәскеу инженерлік-құрылыс техникумын да аяқтап үлгерді және бірнеше жыл Қазақ КСР Мемлекеттік құрылыс басқармасында әртүрлі департаменттерді басқарды.

Талғат Бигелдинов ұзақ та, жарқын өмір сүрді. Ол ешқашан қиындықтарға мойымай, әрдайым соңына дейін баратын. Оның жолы жас ұрпаққа үлгі болуға лайық, ұшқыштың өзі де бірнеше рет жастармен кездесіп, әскери ерліктері мен сол кездегі кеңестік халықтың рухы туралы әңгімелеп берген еді. 1957 жылдан 1970 жылға дейін азаматтық авиацияны басқарып, Алматы, Ақмола, Арқалық, Қызылорда, Тараз сынды көптеген қалаларда аэропорт салу ісіне өлшеусіз үлес қосты.

https://www.instagram.com/p/CdIVci3NNc6/?igshid=MDJmNzVkMjY=

2022 жылдың 4 мамырында кітапханашы Бұқар Жырау атындағы орталық қалалық кітапхананың оқу залында № 9 мектептің 8 сынып оқушыларына Кеңес Одағының Батыры атағын алған тұңғыш қазақ әйелі Мәншүк Мәметованың 100 жылдығына арналған «Мәншүкті еске алу» кешін өткізді.

https://www.instagram.com/p/CdIsRDrNabq/?igshid=MDJmNzVkMjY=

2022 жылғы 25 сәуір мен 20 мамыр аралығында Шахтинск аймағында «Балалардың назарына» акциясы өтуде. Акция барысында кәмелетке

толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторлар тобы полиция аға лейтенанты Шырын Сагындыковна Спатаева мектеп оқушыларымен «ЖҚЕ білімі» тақырыбына дәріс өткізді. Бұл дәрістердің мақсаты:

- мектеп жасына дейінгі балалардың көшелерде және жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастыру;

- Әр түрлі көлік түрлері, қала көшелеріндегі қозғалысты реттеу және жол қозғалысы ережелері туралы білімдерін бекіту;

- Балаларда барынша көп көңіл бөлу және назар аудару қажет әлеуетті қауіпті кеңістік ретінде көшелер мен жолдар туралы түсінік қалыптастыру;

- Жолда және көлікте қауіпсіз жүріс-тұрыс бойынша білімді, практикалық дағдыларды және дағдыларды қалыптастыру;

-сондай-ақ балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу және кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты жандандыру.

https://www.instagram.com/p/CdIyjXstn4v/?igshid=MDJmNzVkMjY=

«Бірге суретке түсеміз» челленджі

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні. Ержүрек ата-бабаларымыз бен өжет боздақтарымыз қан майданда елі мен жері үшін жан ұшыра соғысты. Аулада алаңсыз асыр салып жүретін жас баллаларды ерте есейтіп,тәтті ұйқысы мен алаңсыз күндерінен айырып,ерте еңбекке араласуына әкелген бұл сұрапыл соғыс жеңіспен аяқталды. Жеңіске жетуде тыл ардагерлерінің де қосқан үлесі өте зор. Соның бірі – Сметов Садуақас.

Садуақас ата – Азияның жаһұтындай Арал теңізінің, айдынды ұшан шалқардың толқыны ұрған жағалауындағы қара судан нәпақасын айырған балықшы елдің тумасы. Бүгінде Көбек руынан шыққан ардақты ардагер 3 баласынан 4 немере 3 шөбере сүйіп отқан жайы бар.

10 сыныпты тәмамдаған соң Ташкент тау-кен құрылыс техникумына оқуға түсіп, институтты да бітірген. Бар өмірін еңбекке арнаған Садуақас Сметов көптеген лауазымды қызметтерді атқарды ,Шахтинск қаласының жолдарын және Долинка кентінің құрылысында орасан зор еңбек сіңіріп, кең саласында 10 жылдан астам жұмыс істеген, қаламыздағы Ардагерлер кеңесінің негізін салып, 10 жыл басқарған.

Адал еңбегінің жемісін көріп отырған Садуақас ата сөз соңында: – әлемде соғыс болмасын, ал сендер білім алыңдар,еңбек етіңдер, ұлтымызды,тілімізді құрметтеңдер,жеті аталарыңды біліңдер,- деп жүрекжарды тілектері мен өсиетін айтып өтті.

Еңбекқорлығы мен парасаттылығының арқасында өз ісінің нағыз шебері болып қана қоймай , қоғамдық шаруалар мен айналысып, «Ерен еңбегі үшін»,«Ардақты азамат» және т.б. көптеген медальдарға ие болған мұндай тұлғаның өмір жолы келер ұрпаққа үлкен өнеге, тәрбиенің қайталанбас үлгісі.

https://www.instagram.com/p/CdKY30BtHaX/?igshid=MDJmNzVkMjY=
https://www.instagram.com/p/CdKUGa2o6tl/?igshid=MDJmNzVkMjY=
https://www.instagram.com/p/CdKUfFto62p/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Мектеп окушылары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.О.Біржікенмен Тыл қызметкері Чиркова Валентина Ивановнаны мерекемен құттықтап барды. Валентина Ивановна әңгімесін Шахтинск қаласының құрылғанынан бастады. Ол кісі оқушыларға қазақ халқын жақсы көретінін, тіпті өзін де қазақпын деп санайтынын айтты. Әжеміз оқушылардың мереке аясында құттықтап келгеніне қуанышын білдіріп, ақ батасын берді.

https://www.instagram.com/p/CdLFbA8NNN7/?igshid=MDJmNzVkMjY=

«Шахтинск қаласының Жастар ресурстық Орталығы» КММ Жеңіс күні қарсаңында ел игілігі мен болашақ ұрпақтың бостандығы үшін өз өмірін қиған жандарды, соғыс жылдарын және олардың ерліктерін есте сақтап қалуға бағытталған «Жеңіс лентасы» мектебіміздің «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық тәрбиеленушілеріне таратылды.

https://www.instagram.com/p/CdLoXz8NrSG/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Отан қорғаушылар күніне және ҚР Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толуына орай мектеп кітапханасында кітаптар көрмесі ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/CdLqIbPt26p/?igshid=MDJmNzVkMjY=
https://www.instagram.com/p/CdOAHKqI5B5/?igshid=MDJmNzVkMjY=

1992 жылы құрылған Қарулы күштер еліміздің тұрақтылығы мен елдігіміздің кепілі екені баршамызға аян. Өз өмірін Отан қорғауға арнаған адал азаматтарымыз ерекше құрметке ие. Халқымыздың қауіпсіздігі мен бейбіт астындағы өмір сүріп жатқанымызда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің рөлі орасан. Тәуелсіздік жылдарында айтарлықтай өзгерістерді басынан кешіре отырып Қазақстанның Қарулы Күштері елді сыртқы қатерлерден қорғаудың, халықтың егемендігі мен тыныштығын сақтаудың кепілі болды. Отансүйгіштікке баулу – бір ғана буынның міндеті емес. Осы жолда тынымсыз еңбек, барлық қоғамның белсене жұмылуы бірінші орында. ҚР ҚК-нің 30 жылдығын мерекелеуге арналған акция шеңберінде "Шахтинск қаласының жастар ресурстық орталығы" КММ басшысы Жасулан Хамитов және Шахтинск қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы подполковник Ақылбек Даулетбекович Байжумановтың ұйымдастыруымен, Шахтинск қалалық Кітапханасы және болашақ Отан қорғаушылар – «Жас сарбаз» балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілерінің қатысуымен Долинка кентіндегі 6505 әскери бөлінің қызметкерлері мен Отан алдындағы әскери міндеттерін өтеп жүрген сарбаздармен "Сарбазға кітап сыйла атты" кездесу өткізілді. 6505 әскери бөлімінің 2 аткыштар батальон командиринин тарбие жане алеуметтик кукыктык жумыстар жониндеги орынбасары Майор Фахритдин Нуритдинович Абдрахманов оқушыларды әскери өмірдің тыныс-тіршілігімен таныстырып, жауынгерлік және қару-жарақты басқарудағы шеберліктері мен мықты машықтары туралы жаттығуларды көрсетті. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде атқарылып жатқан ауқымды әскери-патриоттық жұмыстармен таныстырды. Кездесу соңында оқушылар Отан қорғаушыларға кітаптап сыйға тартса, әскери бөлім асханасы балаларға жеміс жидектерден дәм тарттырып, сарбаздар мерекелік концертпен аяқтады.

https://www.instagram.com/tv/CdM7nfKFEum/?igshid=MDJmNzVkMjY=

«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңнен тануға баулу. Оқушылардың Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтеуге насихаттау мақсатында 11 сынып оқушылары кітапханада тәрбие сағатын ұйымдастырды

https://www.instagram.com/p/CdNTJirNqrC/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Тәуелсіз мемлекетіміздің айбынды мерекесі Отан қорғаушылар күніне арналған суреттер көрмесі

https://www.instagram.com/p/CdNTNJoNHAl/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Мектебіміздің Жас сарбаз құрамы 2022 жылы 20 мамыры күні «Шахтинск қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» РММ және «Шахтинск қаласының жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталық» КММ ұйымдастыруымен өткен ҚР Қарулы Күштері қатарына шақырушыларды салтанатты түрде шығарып салуға арналған іс-шараға қатысты.

Аталған іс-шара өскелең ұрпақты әскери-патриоттық тәрбиелеу және ҚР Қарулы Күштеріне құрметпен қарау мақсатында ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/CdyZHwAo0Lt/?igshid=MDJmNzVkMjY=

№9 жалпы білім беретін мектебінің педагогикалық ұжымы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Президент Қ.Ж.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауындағы негізгі бағыттарын талқылады. Жолдауда көтерілген өзекті мәселелерді бір ауыздан қолдап, ел болашағы үшін маңызды шешімдер қабылданғанын айтып өтті. Елімізге үлкен өзгерістер енгізуге бастама болатын тың жоба мен жаңа серпіндер, ерекше ұсыныстар осы Жолдаудан анық көрінді. «Жаңа Қазақстан» мемлекетін құру және дамыту еліміздің өркендеп дамуының жаңа сатысы болары анық.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кезекті Жолдауында дұрыс қабылданған шешімдер, елімізді жаңа белестерге бастайды деген ойдамыз.

https://www.instagram.com/p/CddBPVKI4Uf/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Мектебіміздің оқушыларына нашақорлықтың алдын-алу мақсатында дәріс оқылды.

Нашақорлық туралы ақпаратты бере отырып, салауатты өмір салтын ұстану бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты: оқушыларды зиянды әдеттерден аулақ болуға, тәрбиелі де саналы, дені сау, қайратты, елін, жерін қорғайтын, ата-ананы, үлкенді-кішіні сыйлай білетін нағыз ұлтжанды азамат болуға баулу, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу

https://www.instagram.com/p/CdyUBN6INgY/?igshid=MDJmNzVkMjY=

2022 жылдың 20 мамыры күні «Шахтинск қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ,«Шахтинск қаласының жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы» КММ, «Қарағанды облысының балалар және жастар

ұйымдарының одағы» ЖҚБ ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлық: оның көрінісі мен салдары. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы инновациялық тәсілдер» атты эссе байқауы өтті. Мектебіміздің 11 сынып оқушысы Сулейменова Назерке оза шауып,

1 орынды иеленіп, 30 мың теңгелік сертификатқа ие болды.

Аталған байқау мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясатты насихаттау, сондай-ақ қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру және онымен күресу мәселесіне жастардың назарын аудару.

Мектеп оқушыларымен жаздағы демалысты қауіпсіз өткізу мақсатында қауіпсіздік шаралары туралы сынып сағаттары өткізілді

https://www.instagram.com/p/Cd7k7a4oi0N/?igshid=MDJmNzVkMjY=

2022 жылдың 20 мамыр күні жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста 2021-2022 оқу жылының қорытындысы, оқушылардың жазғы демалысы жайлы сұрақтар қамтылды.

Аталған жиналысқа «Шахтинск қаласының төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімі» РММ басшысы Абдикаримов Мадияр Серикович және мамандар қатысып, ата-аналарға балалардың жазғы демалыс уақытындағы қауіпсіздік шаралары, суға түсу кезіндегі су айдындарындағы және өртке қауіпті кезеңдердегі қауіпсіздік шаралары туралы толықтай түсіндірді. Жиналыс соңында ата-аналарға жадынамалар таратылды.

https://www.instagram.com/p/CdyaZhgId-c/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Мұражай қашанда өткеннен сыр шертетін, тарихты танытатын киелі орын. Тарихқа көз жүгірту мақсатында мектебіміздің оқушылары Қарағанды облыстық өлкетану музейіне барып қайтты.

https://www.instagram.com/p/Cd5lQyzIKHq/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, мектеп оқушылары Долинка кентінде орналасқан Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының Долинка кентіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау мұражайына барып келді.

https://www.instagram.com/p/CdyhUt0tKbB/?igshid=MDJmNzVkMjY=
https://www.instagram.com/p/Cd5jwWuIRN3/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай мектебімізде «Ұмытылмас тұлғалар» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

https://www.instagram.com/p/Cd5jciIIq_-/?igshid=MDJmNzVkMjY=
https://www.instagram.com/p/CdyXk6Wo34k/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Мектеп оқушыларымен жаздағы демалысты қауіпсіз өткізу мақсатында қауіпсіздік шаралары туралы сынып сағаттары өткізілді

https://www.instagram.com/p/Cd7k7a4oi0N/?igshid=MDJmNzVkMjY=

23 мамыр күні мектебімізде жазғы демалыс алдында мектеп алаңын тазарту мақсатында, «Қош бол, мектебім!» атты экологиялық акция ұйымдастырылды. Акцияның басты мақсаты: оқушылардың қоршаған ортаға деген көқарасын қалыптастыру, табиғатты аялауға баулу.

https://www.instagram.com/p/Cd5nFZKItib/?igshid=MDJmNzVkMjY=

2022 жылғы 16 мамыр - 16 маусым аралығында 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесіне арналған «Балалардың игілігі үшін» Республикалық акциясы аясында мектеп оқушылары «Менің бақытты балалық шағым» суреттер байқауына қатысты.

https://www.instagram.com/tv/CeimnnhlJzR/?igshid=MDJmNzVkMjY=

Мектебімізде ұйымдастырылатын барлық іс-шаралар әлеуметтік желіде жарияланып, оқушылар мен ата-аналар назарына ұсынылып отырады